«Шығыс Қазақстан жастар ақпарат
аналитикалық агенттігі»
қоғамдық бірлестігі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

2024 ж

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 7

1. ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ 8

1.1 Зерттеу әдістемесі 8

1.2 Әлеуметтік зерттеудің іріктемесі 17

2. ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ 25

2.1 Әлеуметтік-демографиялық блокты талдау 26

2.2 Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер 28

2.2.1 Мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы бюрократия және қағазбастылық 38

2.2.2 70 мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау бойынша қоғамдық мониторингтің нәтижелері 41

2.2.3 «Электрондық үкімет» порталындағы..... 46 онлайн мониторинг нәтижелері 46

2.3 Орталық мемлекеттік органдар рейтингісі 79

2.4 Жергілікті атқарушы органдар рейтингісі 84

2.5 Өңірлер рейтингісі 91

3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУ 92

3.1 Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу..... 92

3.2 Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру 97

3.3 Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану 102

3.4 Мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу 107

3.5 Прокаттау куәлігін беру 111

3.6 Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою 115

3.7 Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы қолдаухаттарды қарау 122

3.8 Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту 126

3.9 Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу 130

3.10 Мемлекеттік аудитор сертификатын беру 133

3.11 Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою 137

3.12. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу 141

3.13 Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру 145

3.14 Арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды

тұлғалардың су алу немесе ағызу жөніндегі құрылыстарда немесе құрылғыларда орнатылатын суды есепке алу аспаптарын пломбалау 150

3.15 Арнайы су пайдалануға рұқсат 154

3.16 Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру 158

3.17 Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберудің орындылығы және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік маманарды тарту мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау 163

3.18 Трансплантту мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғанан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу 168

3.19 Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу 172

3.20 Құжаттарды заңдастыру 176

3.21 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінг білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру 180

3.22 Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету 186

3.23 Әскери міндеттілерге әскери билеттерді немесе олардың телнұсқаларын беру 190

3.24. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою 370

3.25. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу 199

3.26. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану 203

3.27. Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы ұқсат беру 209

3.28 Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу 213

3.29 Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру 217

3.30 Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты беру 221

3.31 Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне қосу (тізілімнен алып тастау) 225

3.32 Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру 229

3.33. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау 233

3.34 Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру 237

3.35 Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия беру 241

3.36 Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру 245

3.37 Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою 249

3.38. Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу 253

3.39. Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына арналған лицензия беру 257

3.40 Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру 261

3.41 Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау 265

3.42. Жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасын беру туралы 271

3.43. Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды беру 276

3.44. Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу 280

3.45. Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия беру 285

3.46 Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат беру (кәсіптік балық аулау, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, ғылыми-зерттеу, мелиоративтік балық аулау, өсімін молайту мақсатында балық аулау) 289

3.47 Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру 294

3.48 Дене шынықтыру және спорт саласында кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау 300

3.49 Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызмет) лицензия беру 304

3.50 Жасы бойынша зейнетақы тағайындау 308

3.51 Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау 316

3.52 Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу 321

3.53 Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беру 328

3.54 Озонды бұзатын заттарды және құрамында олар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше емес мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге рұқсат беру 331

3.55 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру 334

3.56 Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру 337
3.57 Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру 344
3.58 Тұрғын үй көмегін тағайындау 349
3.59 Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау 357
3.60 Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу 362
3.61 Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру 195
3.62 Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу 375
3.63 Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну 382
3.64 Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру 387
3.65 Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну 394
3.66 Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау 399
3.67 Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау 407
3.68 Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарына түсуге құжаттарды қабылдау 412
3.69 Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу 417
3.70 Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту 423
4. ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР 428

Аббревиатуралар мен қысқартулар

ҚР	Қазақстан Республикасы
МҚІА	Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
БҚДА	Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
ҚНРДА	Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
СЖРА	Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
ЖАП	Жоғары аудиторлық палата
БП	Бас прокуратура
ҰҚК	Ұлттық қауіпсіздік комитеті
СРИМ	Су ресурстары және ирригация министрлігі
ДСМ	Денсаулық сақтау министрлігі
СІМ	Сыртқы істер министрлігі
ЖАО	Жергілікті атқарушы органдар
МАМ	Мәдениет және ақпарат министрлігі
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі
ҰЭМ	Ұлттық экономика министрлігі
ҚМ	Қорғаныс министрлігі
ОАМ	Оқу-ағарту министрлігі
ӨҚМ	Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
АШМ	Ауыл шаруашылығы министрлігі
ЕХӘҚМ	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
КМ	Көлік министрлігі
СИМ	Сауда және интеграция министрлігі
ТСМ	Туризм және спорт министрлігі
ҚаржыМин	Қаржы министрлігі
ЦДИАӨМ	Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
ТЖМ	Төтенше жағдайлар министрлігі
ЭМ	Энергетика министрлігі
ЭТРМ	Экология және табиғи ресурстар министрлігі
ӘМ	Әділет министрлігі
ІІМ	Ішкі істер министрлігі
ҰБ	Ұлттық Банк
ҮЕҰ	Үкіметтік емес ұйымдар
СӘ	Сот әкімшілігі
Мемкорпорация	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы
ПЭП не Egov.kz	«Электрондық үкімет» порталы
МӘТ	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ОМО	Орталық мемлекеттік органдар
ХҚКО	Халыққа қызмет көрсету орталығы
ЭЦҚ	Электрондық цифрлық қолтаңба
Elicense.kz	Қазақстан Республикасындағы электрондық лицензиялау
(МСМ)	Мәдениет және спорт министрлігі
(АҚДМ)	Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

КІРІСПЕ

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтердің сапасы мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың негізгі өлшемі болып табылады. Сапалы мемлекеттік қызмет көрсету және олардың қолжетімділігін арттыру, оның ішінде жаңа технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану негізінде, қызмет көрсетудің бизнес-процестерін жетілдіру елдің мемлекеттік басқару саласын дамытудың басымдығы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Әкімшілік, сыбайлас жемқорлық және өзге де кедергілерге байланысты тәуекелдерді азайту, клиентке бағдарланған тәсілді енгізу мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру процесін аяқтау бойынша жұмыс жүргізілуде. ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізуге бастамашылық жасайды. Бұл ретте мониторингілеуге жататын қызметтер неғұрлым жаппай, проблемалық (бюрократияланған, сыбайлас жемқорлыққа ұшыраған, мерзімдері бұзылған, шағымдары көп және т.б.) және әлеуметтік маңызы бар қызметтер ретінде айқындалды.

Азаматтардың мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін бағалауы азаматтардың мемлекетке деген сенім деңгейін айқындайтын, халықтың күтуін (ожидание) қалыптастыратын, елде жүргізіліп жатқан өзгерістерді қолдауды көрсететін маңызды фактор болып табылады. Осыған байланысты азаматтардың мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасына қанағаттануын анықтаудың әлеуметтанулық әдістері шет елдердің тәжірибесінде де, Қазақстан Республикасында да кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігін бағалауға, мемлекеттік қызметтер көрсету саласында инновацияларды енгізу мониторингін жүргізуге, сондай-ақ одан әрі дамыту басымдықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қоғамдық мониторинг барысында көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына, қолжетімділігіне және рәсімдеріне қанағаттану деңгейі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде туындайтын жүйелі проблемалық мәселелер айқындалады.

Әлеуметтік зерттеу 2024 жылдың мамыр-қараша айлары аралығында жүргізілді. Зерттеу қызмет тұтынушыларының жаппай сауалнамасынан, тұтынушылармен және қызмет жеткізушілерімен тереңдетілген сұхбаттан, «Құпия сатып алушы» әдісімен бақылаудан және фокус-топтардағы пікірталастардан тұрды.

2024 жылы қоғамдық мониторингке орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін 70 мемлекеттік қызмет енгізілді. Мемлекеттік қызметтерді таңдаудың негізгі өлшемдері – оның бұқаралық сипаты, сұранысқа ие болуы, проблемалық, әлеуметтік маңыздылығы болды.

Сондай-ақ 364 қызмет бойынша онлайн мониторингке талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижелері интеграцияланған көрсеткіштерді де, қоғамдық мониторинг және онлайн мониторинг барысында жеке анықталған бағалауларды да қамтиды.

Есепте зерттеу барысында анықталған проблемалары бар мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының қоғамдық мониторингінің негізгі нәтижелері, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөніндегі қорытындылар мен ұсынымдар қамтылған.

1. ӘДІСТЕМЕ ЖӘНЕ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕ

1.1 Зерттеу әдістемесі

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалауды әлеуметтік зерттеуді ұйымдастыру мен жүргізудің негізі ретінде: Тапсырыс берушінің шарты мен техникалық ерекшелігі, сондай-ақ Қазақстанда БҰҰ Даму Бағдарламасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп әзірленген мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингін жүргізу әдістемесі алынды.

Қоғамдық мониторинг заңдылық, объективтілік, бейтараптық, шынайылық, жан-жақтылық, ашықтық, құзыреттілік қағидаттарына негізделеді.

Егер қызмет алушы жоғары деңгейде қызмет көрсету кезінде толық қанағаттандырылса, қызмет 5 ұпайға бағаланды. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын сақтау, қызметкерлердің сыпайылығы мен ізгі ниеті, өтініш берушілердің әлеуметтік мәртебесіне және байланыстарының болуына қарамастан қолжетімділігі, қызметті алу рәсімінің айқындылығы (түсінігі), қызмет көрсету үшін инстанциялар санының негізділігі, қызметкерлердің кәсібилігі мен құзыреттілігі, техникалық инфрақұрылымның қолжетімділігі, құжаттар санының негізділігі, қызмет көрсету жылдамдығы, қызмет туралы ақпараттың толықтығы, қосымша түсініктемелер, өз пікірін білдіру, шағым беру мүмкіндігі, қызмет құнының тиімділігі (ақылы қызметтер үшін), электрондық қызметтердің қолжетімділігі, шағымды қарау нәтижелеріне қанағаттану, мобильді құрылғылар арқылы қызметтің қолжетімділігі алушының қызмет нәтижесіне қанағаттану сезімін қалыптастыратын қызмет сапасының аспектілері болып табылады.

Қоғамдық мониторингке түрлі заңды мәртебесі бар респонденттер қатысты: жеке тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалар. Іріктеменің қалыптасуы белгілі бір жерде, елді мекендерде, өңірлерде қызмет алудың таралуына байланысты болады.

Мемлекеттік органдардың ұсынымдарына сәйкес, қызметті алушы осы қызметті алу процесінде жүгінген сауалнамада (ХҚКО, аймақ) атап өтуге мүмкіндік алды egov.kz ХҚКО-да, egov.kz және elicense.kz, мемлекеттік орган). Сондықтан көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды тапсыру, нәтижені алу және консультация беру кезінде өзінің өзара іс-қимылын, қызметті алу орнын ғана емес, атап өтуге мүмкіндік алды. Егер қызметті алу процесінде мемлекеттік органға және Мемлекеттік корпорацияға жүгінген болса, респонденттер мемлекеттік органдар мен Мемлекеттік корпорация қызметкерлерімен өзара іс-қимылын бағалады. Бірақ қызметтің қанағаттану сапасы жалпы 5 балдық шкала бойынша бір бағамен бағаланды (сұрақ: *«Жалпы қызмет көрсету сапасын бағалаңыз, 5 балдық шкала бойынша қызмет алу нәтижесіне қаншалықты қанағаттанасыз?»*).

Зерттеудің сандық нәтижелері (статистикалық тұрғыдан сенімді) зерттеуге қатысушылардың түсініктемелерімен бірге жүреді.

Қоғамдық мониторингтің мақсаты

Қоғамдық мониторинг жүргізудің мақсаты көрсетілетін қызметті алушылардың көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына, қолжетімділігіне және рәсімдеріне қанағаттану деңгейін айқындау, проблемалық мәселелерді анықтау және мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Қоғамдық мониторингтің міндеттері

Қоғамдық мониторинг келесі негізгі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) бағалаудың негізгі өлшемдері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету сапасы туралы ақпарат алу;
2) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде проблемалық мәселелерді, оның ішінде әкімшілік және өзге де кедергілерді анықтау;
3) мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдерін жақсарту үшін, оның ішінде оларды ұсыну процестерін жеңілдету, оңтайландыру және автоматтандыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу мынадай негізгі қағидаттарды сақтауға негізделеді (1-сурет):

1-сурет. Мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау қағидаттары

1) ашықтық - бастапқы деректерді жинау және өңдеу әдістері туралы ақпарат қажет болған жағдайда қолжетімді болуы керек;
2) заңдылық - орындаушының нормативтік-құқықтық мәртебесі, басқа да қажетті құқықтық құжаттардың болуы (шарт, келісімшарт және т. б.);
3) объективтілік - мониторинг нәтижелері көрсетілетін қызметті берушілердің қызметі туралы ақпараттың бұрмалануына әкелмеуі тиіс;
4) жан-жақтылық - мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша ақпарат жинаудың түрлі сандық және сапалық әдістерін пайдалану;
5) сенімділік - мониторинг нәтижелері дәлдікті тексеруге мүмкіндік беруі керек;
6) бейтараптық - қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметтерді жеткізуші объективті деректер беруге және қоғамдық мониторинг жүргізудің негізгі қағидаттарын сақтауға мүдделі тәуелсіз үкіметтік емес ұйым және/немесе жеке тұлға болып табылады.

Мемлекеттік қызметтерді іріктеу өлшемдері

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бағаланатын өлшемдер:

1. Ақпарат
2. Қолжетімділік
3. Қызметкерлер
4. Рәсім
5. Мерзімдер
6. Шығындар
7. Кері байланыс
8. Нәтиже

Техникалық сипаттамаға сәйкес әлеуметтік зерттеу диаграммада келтірілген келесі көрсеткіштерді сандық әдістермен өлшеуге (2-сурет), сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін сапалы бағалар алуға бағытталған.

2-сурет. Мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау қағидаттары



Әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу елдің белгілі бір кең топтарынан тұратын респонденттердің өздерінен тікелей бастапқы ақпаратты алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сыбайлас жемқорлық құрамдас бөлігі туралы көрсетілетін қызметті алушылардан алынған сауалнама нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары мен регламенттерін бұзу фактілерін, келіп түскен шағымдарды талдау түзету коэффициенттері, сондай-ақ қосымша ақпарат көздері ретінде қызмет етеді.

Қоғамдық мониторингтің негізгі кезеңдері

Қоғамдық мониторинг жүргізбес бұрын зерттеу бағдарламасын әзірлеу арқылы жұмыстың жалпы контурын айқындау, сондай-ақ оны қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу көзделді.

1 кезең – дайындық кезеңі.

Осы кезеңде жұмыс/зерттеу тобын өткізу мерзімдерін көрсете отырып, зерттеу жоспары мен кестесі қалыптастырылады, мониторинг үшін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесі айқындалады және қажет болған жағдайда қоғамдық мониторинг әдіснамасына және/немесе құралдарына толықтырулар

енгізіледі. Кабинеттік зерттеулер жүргізіледі және қорытынды талдамалық есепте қамтылуы тиіс ақпарат айқындалады.

Мемлекеттік қызмет, оны көрсету стандарты туралы екінші ақпаратты алу ақпараттың жаңару дәрежесі мен өзектілігін белгілей отырып, интернет желісінде, мемлекеттік органның ресми сайтында, «Электрондық үкімет» порталында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, ақпараттың жаңару дәрежесін және өзектілігін тіркей отырып, еркін іздеу жолымен жүргізіледі.

2 кезең – далалық кезең.

Бұл кезеңде қалыптасқан іріктеме аясында бірінші кезеңде таңдалған зерттеу әдістерін қолдану арқылы бастапқы әлеуметтік деректерді жинау көзделеді.

Зерттеудің сандық және сапалық әдістерін қолдана отырып ақпарат жинақтау. Оның ішінде: көрсетілетін қызметті алушылармен жаппай сауалнама жүргізу, сондай-ақ ресми call-орталықтарды (орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың ресми сайттарында көрсетілген) тестілеуді, «1414 Бірыңғай байланыс орталығын» тестілеуді, мемлекеттік қызметтерге жауапты бөлімдердің, департаменттердің, басқармалардың байланыс телефондарын (ресми сайттарда көрсетілген) тестілеуді қамтуы мүмкін «құпия сатып алушы» әдістері; берілген тақырып бойынша проблемалық жағдайларды анықтау үшін «тереңдетілген сұхбат» әдісі және фокус-топтық зерттеулер.

Далалық жұмыстар аяқталғаннан кейін алынған деректерді (кемінде 15%) тексеруді көздейтін алаңды бақылауды жүргізу қажет. Сондай-ақ, барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс беруші берілген маршруттық парақтар бойынша өзі алаңды бақылауды жүргізе алады.

Сондай-ақ осы кезеңде далалық жұмыстардың нәтижесі бойынша алынған деректерді статистикалық деректерді өңдеуге арналған компьютерлік бағдарламада өңдеу және Excel бағдарламасында берілген параметрлер бойынша сызықтық және корреляциялық кестелерді шығару көзделеді.

3 кезең – нәтижелерді өңдеу және талдау.

Бұл кезең қорытынды болып табылады. Аталған кезеңде алынған бастапқы және қайталама әлеуметтік деректерді өңдеу, талдау, жалпылау, сондай-ақ практикалық ұсыныстарды дайындау жүргізіледі.

Қоғамдық мониторинг біржолғы зерттеу (мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының ағымдағы деңгейін айқындау), сондай-ақ мерзімді зерттеу (көрсетілетін қызметті алушылардың уақыт сегментіндегі қанағаттанушылығының өзгеру тенденцияларын өлшеу), яғни зерттелетін зерттеу объектісінің динамикасын көрсету үшін жүргізілуі мүмкін.

Қоғамдық мониторингті жүзеге асыру әдістері

Қоғамдық мониторингтің **негізгі әдістеріне** мыналар жатады:

- жаппай сауалнама
- құпия сатып алушы
- тереңдетілген сұхбат

Қоғамдық мониторингтің **қосымша әдістеріне** мыналар жатады:

- фокус-топтар
- кабинеттік зерттеулер жүргізу әдістері

Жаппай сауалнама

Жаппай сауалнама нысаны осы әдіснамаға 2-қосымшада белгіленген және бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты алу әдісі болып табылатын сауалнама

жолымен офлайн және онлайн тәсілдермен жүзеге асырылады. Бастапқы әлеуметтік ақпаратты алу мүмкіндіктерін арттыру және қоғамдық мониторингтің неғұрлым объективті нәтижелерін қамтамасыз ету мақсатында жаппай сауалнама келесі тәсілдердің кез келген түрімен жүргізілуі мүмкін: қызмет көрсету орнынан «шыға берісте», телефон арқылы (көрсетілетін қызметті алушылардың тізімдеріне сәйкес жазба), «қар кесегі» әдісі, сондай-ақ сауалнама массивін толтыру үшін қағаз және электрондық тасымалдағыштарды пайдалану ұсынылады.

Сауалнама жүргізу қорытындылары есепте көрсетіледі, онда міндетті түрде жеке бағанда мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі бойынша қорытынды баға көрсетіледі.

Құпия сатып алушы

«Құпия сатып алушы» (немесе «Mystery Shopping») әдісі мемлекеттік қызмет көрсету сапасын тексерудің нәтижелі әдістерінің бірі болып табылады. Бұл әдіс мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы зерттеу жүргізу, қажетті құжаттарды жинау және т.б. үшін көрсетілетін қызметті берушіге «құпия сатып алушының» баруы арқылы жүргізіледі.

«Құпия сатып алушы» әдісі барысында мемлекеттік қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен тәртібі зерттеледі, оның ішінде:

1) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкерлерінен алынатын ақпараттың дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі;

2) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары талаптарының сақталуы;

3) көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің құзыреттілігі және әдеп нормаларын сақтауы;

4) мемлекеттік қызметтерді көрсету орнында, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қажетті жағдайлар жасау;

5) мемлекеттік қызметті алу тәртібі туралы ақпараттың қолжетімділігі;

6) жабдықтар мен байланыстың жұмысы (компьютерлер, терминалдар, электрондық кезек, интернет жылдамдығы, электрондық мәліметтер базасы және т. б.);

7) мемлекеттік қызметті алуға қосымша шығындар.

Зерттеу аясында «құпия сатып алушы» әдісі бірнеше тәсілдерді қолданады. Бірінші тәсіл классикалық болып табылады және «құпия сатып алушы» зерттеуді өз бетінше жүргізетін сұхбат беруші болып табылады.

Екінші тәсілде интервьюер зерттелетін қызметті алу қажет әлеуетті көрсетілетін қызметті алушыны іздейді және «құпия сатып алушы» әдісімен зерттеу жүргізуге ауызша келісім алады. Осы тәсіл кезінде интервьюер бекітілген сауалнама парақтарына сәйкес (осы әдіснамаға 3-қосымшаға сәйкес) көрсетілетін қызметті алушымен нақты уақыт режимінде осы қызметті басынан аяғына дейін алу процесін тіркейді.

Қызмет көрсетудің қолданыстағы нысандарына байланысты әрбір қызмет бойынша 1-ден 3-ке дейін құпия сатып алушы әдісі жүргізілуі мүмкін: ол - интернет-порталдар арқылы электрондық түрде, ХҚКО-да (мемлекеттік мекемеде) қағаз түрінде, ХҚКО-ның өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында электрондық түрде, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша.

Осы әдісті қолдану қорытындысы бойынша сапар туралы есеп жасалады, онда «құпия сатып алушы» толтырған «сауалнама парағы» нысаны және мемлекеттік қызметті алу процесі бойынша түсініктемелер бар (3-қосымшаны қараңыз).

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша қорытынды баға кестеде көрсетіледі.

Қорытынды есепте мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша барлық ауытқулар егжей-тегжейлі жазылады, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша барлық ұсынымдар, ұсыныстар мен тілектер көрсетіледі. Есепке «құпия сатып алушы» әдісімен сапарлардың фотоесебі қоса беріледі.

Бейне түсіру. «Құпия сатып алушының» далалық жұмыстары кезінде стандартты емес, жанжалды және өзге де жағдайлар туындаған кезде есептілік үшін дәлелді база ретінде, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің жұмысын жетілдіру бойынша ұсынымдарды одан әрі әзірлеуге ықпал ететін бейне түсіруді жүргізу ұсынылады.

Тереңдетілген сұхбат

Тереңдетілген сұхбат мақсатты аудитория өкілдерінің, осы салада көрсетілетін қызметті алушы, көрсетілетін қызметті беруші тарапынан сарапшылардың пікірлерін алу мақсатында жүргізіледі.

Тереңдетілген сұхбат сапа, қолжетімділік өлшемдері және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібінің рәсімдері бойынша респонденттің ұстанымдарын міндетті түрде көрсете отырып, проблемалық қызметтер бойынша, сондай-ақ осы көрсеткіштерді және тұтастай алғанда қызметті жетілдіру бойынша нақты ұсыныстармен қолданылады. Сұхбат үшін ұсынылған сұрақтар тізбесі осы әдіснамаға 4 қосымшада белгіленген.

Сұхбат жүргізу кезінде респондентті ақпараттандыра отырып, оның келісімімен аудиожазба жүргізу қажет. Тереңдетілген сұхбат жүргізу қорытындысы бойынша аудиожазба транскрипцияланады, сұхбат барысында алынған деректер есептің сипаттамалық бөлігін құрайды.

Фокус-топтар

Осы әдісті қолданар алдында кабинеттік зерттеулер аясында зерттелетін мемлекеттік қызметке алдын ала талдау жүргізу қажет.

Осы әдісті қолдану үшін мемлекеттік қызмет көрсету сапасын талқылау мақсатында 6-12 адамнан тұратын топ жиналады. Сұхбат әдісін қолдану кезінде бейнежазба жүргізу қажет.

Фокус-зерттеу жүргізудің түпкі мақсаты - мемлекеттік қызмет көрсету проблемаларын, себептерін анықтау және оларды көрсету тәртібін жақсарту жөнінде нақты ұсыныстар тұжырымдау.

Өткізу қорытындысы бойынша фокус-топтың транскриптін жасау қажет.

Бұл әдіс ақпарат жетіспеген жағдайда қосымша/көмекші әдіс ретінде ұсынылады.

Фокус-зерттеудің қорытындысы бойынша сапаны бағалау жүргізілмейі.

Кабинеттік зерттеулер

Кабинеттік зерттеу (немесе deskresearch) - қолжетімді көздерден алынған мемлекеттік қызметтер көрсету саласы туралы қайталама әлеуметтік ақпаратты, яғни белгілі бір түрде өңделген және негізінен ресми және өзге де баспа көздерінде қамтылған деректерді: мерзімді басылымдарды, экономикалық басылымдарды, статистикалық анықтамалықтарды, фирмалық есептерді және т. б. жинау, зерделеу, жүйелеу және талдау.

Зерттеудің бұл форматы «далалық зерттеулерге» жүгінбестен, бұрыннан бар қайталама ақпаратты зерттеу, талдау және жүйелеу бойынша жұмыс жүргізуді көздейді.

Қоғамдық мониторингтің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес, кабинеттік зерттеулер аясында:

1) мониторингілеуге жататын мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша НҚА-ны, оның ішінде әрбір қызметті көрсету стандартын зерделеу;

2) өткен жылдардағы қоғамдық мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша есептерді зерделеу;

3) қызметтер көрсетудің негізгі параметрлері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің ресми статистикасын зерделеу (мониторингтік кезеңде көрсетілген қызметтер саны, бас тартулар, шағымдар саны, электрондық және қағаз нысанда көрсетілген қызметтер үлесі және т. б.);

4) мемлекеттік қызметті алудан/ұсынудан бас тартуға талдау жүргізу;

5) көрсетілетін қызметті берушіге ресми және бейресми түрде (әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік органдардың/шенеуніктердің блогтарына және т. б.) жіберілген көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдарын, ұсыныстары мен түсініктемелерін талдау;

6) проблемалық мәселелер, әкімшілік және өзге де кедергілерді анықтау, қызметтер бойынша БАҚ-та (оның ішінде әлеуметтік медиада) мониторинг жүргізу ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау

Көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау 5 балдық шкала бойынша жүргізіледі:

«5» – «толық қанағаттанамын», «толық келісемін», «керемет»;

«4» – «қанағаттанамын деуге болады», «келісемін деуге болады», «жақсы»;

«3» – «қанағаттанбаймын деуге болады», «келіспеймін деуге болады», «орташа»;

«2» – «қанағаттанбаймын», «келіспеймін», «нашар»;

«1» – «жұмыс жоқ», «өте жаман».

5 балдық бағалау шкаласының мәні:

«5» ұпай – «керемет», қызмет ешқандай шағымсыз, шығынсыз немесе кедергісіз тиісті мерзімде көрсетілді;

«4» ұпай – «жақсы», қызмет шамалы шағымдар және/немесе шығындармен көрсетілді және/немесе кедергілер болды;

«3» ұпай – «қанағаттанарлық», қызмет бірқатар шағымдармен, шығындармен және кедергілермен көрсетілді;

«2» ұпай – «қанағаттанарлықсыз», қызмет көптеген бұзушылықтармен көрсетілді, сыбайлас жемқорлық немесе басқа кедергілер болды;

«1» ұпай – «жұмыс жоқ» еңсерілмейтін кедергілерге, шығындарға байланысты қызмет көрсетілмеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың 5 балдық жүйесі бойынша есептеу, есеп формуласы:

$$Q = \frac{n1 \cdot x1 + n2 \cdot x2 + n3 \cdot x3 + n4 \cdot x4 + n5 \cdot x5}{N}$$

мұндағы:

Q – мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі

X1– «1» бағасының мәні

X2 – «2» баға

X3 – «3» баға

X4 – «4» баға

X5 – «5» баға

n1…5 – тиісті баға берген респонденттердің саны

N – осы өлшем бойынша өз бағаларын (1 ұпайдан 5 ұпайға дейін) қойған, сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы саны.

Осы формулаға сәйкес көрсетілген мемлекеттік қызмет сапасының бағалау балы келесі тәсілмен есептеледі. Көрсетілетін қызметті алушылардың саны балдардағы бағаға көбейтіледі, алынған сан жинақталады және сауалнамаға қатысқандарың жалпы санына бөлінеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау 8 негізгі өлшем бойынша жүргізіледі, олар кіші өлшемдерге бөлінеді. Сондай-ақ, бағаларды бөлу кезінде қызметті алу нысаны (қағаз және электрондық) және мемлекеттік қызметті алу орны (көрсетілетін қызметті беруші фронт-офис және көрсетілетін қызметті беруші бэк-офис): мемлекеттік орган, «Мемлекеттік корпорация» КЕАҚ ескеріледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдар мен «Азаматтарға арналған үкімет», «Электрондық үкімет» порталы арасындағы жауапкершілік аймақтары бойынша сатылау.

Көрсетілетін қызметті берушілер арасында бағаларды және одан әрі балдарды неғұрлым дәл бөлу үшін сауалнаманың басында көрсетілетін қызметті алушыларға көрсетілетін қызметтің қай нысанда (қағаз немесе электрондық) және қай жерде алынғанын (мемлекеттік қызметті алу үшін жүгінген – мемлекеттік орган, мемлекеттік корпорация, не өзге де фронт-офис) немесе көрсетілетін қызмет, электронды ресурстарда «үйден шықпай» онлайн режимінде дербес алынғанын дәл айқындауға арналған бірқатар сұрақтар қойылады.

Бұдан әрі сауалнама құралдарында көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалаудың негізгі 8 өлшемі негізге алына отырып сұрақтар қойылады. Бағалаудың әрбір өлшемінің кіші өлшемдері болады, олар өз кезегінде негізгі көрсетілетін қызметті берушілердің жауапкершілік аймақтары бойынша бөлінеді.

Мемлекеттік қызметті «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы алған кезде көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы жауапкершілік аймақтары келесідей бөлінеді:

1. ХҚКО-ларға төмендегі кіші өлшемдер жатқызылған:

1.1 Қызметкерлер құзыретті, ақпаратты меңгерген, жылдам, сыпайы және көрсетілетін қызметті алушылардың қажеттіліктеріне мұқият қарайды;

1.2 ХҚКО/көрсетілетін қызметті беруші ғимаратының қолжетімділігі мен ыңғайлы орналасуы, жұмыс сағаттарының ыңғайлылығы, ғимараттың жанында автокөлік тұрағының болуы, ғимаратқа кедергісіз кіру мүмкіндігі (мысалы, мүгедектігі бар адамдар үшін), күтуге арналған аймақтардың болуы мен жайлылығы;

1.3 Көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратындағы ақпарат және байланыс, оның ішінде ғимаратта қажетті және түсінікті көрсеткіштердің болуы, қажетті кабинеттер мен қызметкерлерді оңай іздеп табу, қадамдық нұсқаулықты ұсыну\қызметті алу жөніндегі ақпарат, көрсетілетін қызметті алушының қарым-қатынас тілінде қызмет туралы ақпаратты ұсыну (таңдау бойынша қазақ, орыс тілдерінде);

1.4 Қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізбесі туралы толық ақпарат ұсыну;

1.5 Қызметті алу орнында кезекті ұйымдастыру және кезекте тұру уақытының қолайлылығы;

1.6 Қызмет үшін төлем жасаудың түсінікті және ыңғайлы тәсілі (қызмет ақылы болған жағдайда);

1.7 Шағымданудың қарапайым және түсінікті рәсімі, сондай-ақ шағымдану шараларына қанағаттану (ауызша немесе жазбаша).

2. Мемлекеттік органға мынадай кіші өлшемдер жатқызылған:

2.1 Құжаттарды жинау және тапсыру рәсімі, сондай-ақ құжаттарды толтыруға арналған нысандар мен бланкілер көрсетілетін қызметті алушылар үшін қарапайым және түсінікті болуы;

2.2 Қызметті алу мерзімдері көрсетілетін қызметті алушылар үшін қолайлы;

2.3 Қызмет үшін ресми төлем қолайлы (егер қызмет ақылы болса), қызметті алуға қосымша шығындар минималды болды немесе болған жоқ (ксерокөшірмелер, фотосуреттер, жол жүру, тұру және т. б.), қызметті алу кезінде сыбайлас жемқорлық және әкімшілік кедергілердің болмауы (бейресми шығындар);

2.4 Көрсетілген қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыны қанағаттандырды (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат, лицензия және т. б. қате жоқ және т. б.).

3. Барлық көрсетілетін қызметті берушілерге (ХҚКО және мемлекеттік орган) қатысты жалпы жауапкершілік аймақтары айқындалды:

3.1 Қызмет туралы, қызметті алу рәсімі туралы ақпаратқа қол жеткізудің кеңейтілген мүмкіндіктері (интернет, call - орталық арқылы).

«Электрондық үкіметтің» веб-порталы сияқты электрондық ресурстар арқылы мемлекеттік қызметті өз бетінше онлайн алған кезде көрсетілетін қызметті берушілер арасындағы жауапкершілік аймақтары келесідей бөлінеді:

1. «Электрондық үкімет» порталына келесі кіші өлшемдер жатқызылған:
   - 1.1 Порталда тіркелудің қолжетімділігі мен ыңғайлылығы, ЭЦҚ кілтін алу мен пайдаланудың қарапайымдылығы, сондай-ақ порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрі, дизайны, құрылымдық ұйымдастырылуы;
   - 1.2 Порталда көрсетілетін қызмет туралы ақпаратты іздеудің қарапайымдылығы мен жылдамдығы, порталда көрсетілетін қызметтің талаптары, қажетті құжаттар туралы ақпараттың, көрсетілетін қызметті алу жөніндегі нұсқаулықтардың өзектілігі мен түсінігі, сондай-ақ порталда тілді таңдау мүмкіндігі;
   - 1.3 Порталға құжаттарды жүктеу мүмкіндігі, қарапайымдылығы;
   - 1.4 Виртуалды көмекшінің жұмысы, оның ішінде пайдалану ыңғайлылығы, толықтығы және сұрауға жауап беру жылдамдығы;
   - 1.5 Қызмет үшін төлем жасаудың түсінікті және ыңғайлы тәсілі (қызмет ақылы болған жағдайда);
   - 1.6 Шағымданудың қарапайым және түсінікті рәсімі, сондай-ақ шағымдану шараларына қанағаттану (ауызша немесе жазбаша);
2. Мемлекеттік органға мынадай кіші өлшемдер жатқызылған:
   - 2.1 Қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау кезінде артық бюрократияның болмауы және алынған құжатта қате, кемшіліктердің болмауы;
   - 2.2 Қызмет қысқа және/немесе белгіленген мерзімде көрсетілді;
   - 2.3 Қызмет үшін ресми төлем қолайлы (қызмет ақылы болған жағдайда), қызметті алуға қосымша шығындар минималды болды немесе болған жоқ (ксерокөшірмелер, фотосуреттер, жол жүру, тұру және т. б.), қызметті алу кезінде сыбайлас жемқорлық және әкімшілік кедергілердің (бейресми шығындар) болмауы;
   - 2.4 Көрсетілген қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыны қанағаттандырды (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат, лицензия және т. б. қате болмады және т. б.);

3. Сондай-ақ барлық көрсетілетін қызметті берушілерге қатысты жалпы жауапкершілік аймақтары айқындалды («Электрондық үкімет» порталы және мемлекеттік орган):
   - 3.1 Электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады).

1.2 Әлеуметтік зерттеудің іріктемесі

Әлеуметтік зерттеу іріктемесі бойынша кемінде 12 507 респонденттің қатысуы жоспарланған, олардың ішінде:

- ҚР 20 өңірінде 70 мемлекеттік қызмет бойынша көрсетілетін қызметті алушы кемінде 12 507 респондентпен жаппай сауалнама жүргізу;
- «Құпия сатып алушы» әдісімен 20 рет зерттеу жүргізу;
- Тереңдетілген сұхбат - 65;
- Фокус топтар – 10;

1-кесте. Зерттеу іріктемесі, 2024

№	Мемлекеттік органның атауы	Мемлекеттік қызметтің атауы	Сауалнамаға қатысқандар саны			
			Жаппай сауалнама	Тереңдетіл-ген сұхбат	Құпия сатып алушы	Фокус топ
1	МҚІА	Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу	479			
2	СӘ	Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	103			
3	Қаржы Мин	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру	654			
4	Қаржы Мин	Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану	396		1	
5	ЕХӘҚМ	Жасы бойынша зейнетақы тағайындау	244	12	1	10
6	МАМ	Мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу	353			
7	МАМ	Прокаттау куәлігін беру	30			
8	ДСМ	Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру	361		1	10
9	ДСМ	Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберудің орындылығы және	7		1	

		(немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік маманарды тарту мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау				
10	ҰҚК	Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу	1			
11	БП	Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	65			
12	ОАМ	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу	678			
13	ОАМ	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану	6			
14	ТЖМ	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау	654			
15	ТЖМ	Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру	108			
16	ҚМ	Әскери міндеттілерге әскери билеттерді немесе олардың телнұсқаларын беру	119	4	1	
17	ҚМ	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою	227		1	
18	КМ	Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)	110	2		
19	КМ	Ауыр салмақты және	297			

		(немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру				
20	ҒЖБМ	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінг білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	473			
21	ҒЖБМ	Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	242			
22	ӘМ	Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	167			
23	ӘМ	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу	52		1	10
24	ДСМ	Трансплантаттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғанан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу	14			
25	БҚДА	Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы қолдаухаттарды қарау	10			
26	ҚНРДА	Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту	39			
27	ҚНРДА	Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу	1			
28	СІМ	Құжаттарды қабылдау	28			

		және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу				
29	СІМ	Құжаттарды заңдастыру	22			
30	СИМ	Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру	75			
31	СИМ	Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты беру	28			
32	ІІМ	Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру	57	15	1	10
33	ЦДИАӨМ	Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне қосу (тізілімнен алып тастау)	15			
34	ЦДИАӨМ	Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру	50			
35	ЭМ	Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру	34			
36	ЭМ	Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру	7			
37	ҰБ	Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен	37			

		айырбастау операцияларына лицензия беру				
38	СРИМ	Арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су алу немесе ағызу жөніндегі құрылыстарда немесе құрылғыларда орнатылатын суды есепке алу аспаптарын пломбалау	176			
39	СРИМ	Арнайы су пайдалануға рұқсат	28			
40	СЖРА	Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру	6			
41	ҰЭМ	Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды беру	98			
42	АШМ	Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру	50			
43	АШМ	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат беру (кәсіптік балық аулау, әуесқойлық (спорттық) балық аулау, ғылыми-зерттеу, мелиоративтік балық аулау, өсімін молайту мақсатында балық аулау)	4		1	
44	ЭТРМ	Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беру	57			
45	ЭТРМ	Озонды бұзатын заттарды және құрамында олар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше емес мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан	10			

		Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге рұқсат беру				
46	ЭТРМ	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру	8			
47	ТСМ	Дене шынықтыру және спорт саласында кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау	127			
48	ТСМ	Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызмет) лицензия беру	41		1	7
49	Мемкорпорация	Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау	510			10
50	Мемкорпорация	Жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасын беру туралы	242	1	1	10
51	ЕХӘҚМ	Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау	350		1	10
52	ЕХӘҚМ	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу	448		1	
53	ӨҚМ	Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу	47			
54	ӨҚМ	Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың импортына лицензия беру	8			
55	ЖАП	Мемлекеттік аудитор сертификатын беру	73			
56	ЖАО	Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік	243			

		өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру				
57	ЖАО	Тұрғын үй көмегін тағайындау	284	2	1	
58	ЖАО	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну	188			
59	ЖАО	Олимпиадалық резервтегі білім беру ұйымдарына түсуге құжаттарды қабылдау	65			
60	ЖАО	Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	416			
61	ЖАО	Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну	495			
62	ЖАО	Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау	81		1	
63	ЖАО	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау	389		1	
64	ЖАО	Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге	498		1	

		орналастыру жобаларын бекіту				
65	ЖАО	Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру	49	4		
66	ЖАО	Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	485	23	2	
67	ЖАО	Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу	490			10
68	ЖАО	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу	135	1	1	11
69	ЖАО	Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру	86			
70	ЖАО	Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау	77			
	БАРЛЫҒЫ		**12 507**	**65**	**20**	**98**
ҚОРЫТЫНДЫ			**12 690**			

2. ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 70 мемлекеттік қызмет бойынша сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін талдау нәтижелері төмендегідей ұсынылды. Іс жүзінде мониторингке 12690 респондент, жаппай сауалнамаға – 12 507 респондент қатысты.

2024 жылы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісінің сандық және сапалық зерттеулеріне іс жүзінде **12 690** респондент қатысты.

- аудиожазбаны қолдана отырып, жаппай сауалнамамен 12 507 респондент қамтылды;
- 10 мемлекеттік қызмет бойынша 10 фокус топ өткізілді, оған 98 адам қатысты (фокус топтардың құрамына мемлекеттік органның өкілдері енгізілді);
- проблемалық мемлекеттік қызметтер бойынша «құпия сатып алушы» әдісімен (20 адам) 20 сұхбат (бір мемлекеттік қызметке 1 сұхбат) өткізілді;
- 9 мемлекеттік қызмет бойынша (65 адам) 65 тереңдетілген сұхбат жүргізілді.

Сондай-ақ 2024 жылы «Электрондық үкімет» порталында онлайн сауалнаманың алынған деректерін өңдеу нәтижелері ұсынылды, онда ағымдағы жылдың басынан қарашаны қоса алғанда 364 мемлекеттік қызмет бойынша 13 786 сауалнама толтырылып өңделді.

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы, көрсетілетін қызметті берушілері ОМО және ЖАО болып табылатын, 70 мемлекеттік қызмет бойынша елдің барлық **20 өңірін**, оның ішінде республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтыды. 1-кестеде ақпарат алудың сандық және сапалық әдістерімен қамтылған 70 мемлекеттік қызметтің тізімі және әрбір қызмет бойынша сауалнама қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың саны келтірілген.

2.1 Әлеуметтік-демографиялық блокты талдау

Сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың ішінде 41,1% әйелдер және 58,9% ерлер, ең маңызды жас санаты – 30-39 жастағы (41,2%), сондай-ақ 40-49 жастағы (24,9%) көрсетілетін қызметті алушылар. 29 жасқа дейінгі жас респонденттердің үлесі 21,4% құрады. 50 жастан асқан көрсетілетін қызметті алушылардың ең аз санаты - жиынтығы 12,5% болды.

1-диаграмма. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жыныстық әрі жас құрылымы



Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың негізгі бөлігі (70,1%) жеке тұлғалар болып табылады, 3,3% - жеке кәсіпкер ретінде, 26,6% - заңды тұлға ретінде қызметке жүгінді.

2-диаграмма. Респонденттерді жекелеген санаттар бойынша бөлінуі

Бұл ретте қызмет алуға өтініш білдіргендердің ішінде абсолютті көпшілігі ел азаматтары немесе резиденттері – 99,6%, және тек 0,4% бейрезиденттер болып табылады.

Сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушылардың 97,9% қызметті алу үшін қосымша коммуникациялық дағдыларды немесе көрсетілетін қызметті беруші тарапынан инфрақұрылымдық құрылғыларды қажет етпеді, ал сұралғандардың 2,1% қызметке жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің ғимаратына физикалық қол жеткізу үшін арнайы құрылғылар қажет екенін көрсетті.

3-диаграмма. Қосымша қажеттіліктері бар респонденттердің үлесі



2-кесте. Респонденттер бөлінісінде өтініштер саны

№	Атауы	Саны	%
1	Заңды тұлғалар	3026	24,2%
2	Жеке тұлғалар	9481	75,8%
Барлығы		**12507**	**100%**
1	Резиденттер	11 393	91,1%
2	Бейрезиденттер	1 114	8,1%
Барлығы		**12507**	**100%**

Жаппай сауалнама географиясы 20 аймақты, оның ішінде республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтиды. Жалпы алғанда іріктелген популяцияның таралуы жалпы популяцияның таралуына сәйкес келеді және өкілді болып табылады.

3-кесте. Жаппай сауалнама географиясы

Өңір	Саны	Проценті
Қызылорда облысы	738	5,9%
Маңғыстау облысы	1038	8,3%
Алматы	913	7,3%
Шығыс Қазақстан облысы	563	4,5%
Астана	1075	8,6%
Қарағанды облысы	813	6,5%
Атырау облысы	513	4,1%
Жамбыл облысы	650	5,2%
Қостанай облысы	588	4,7%
Абай облысы	388	3,1%
Павлодар облысы	425	3,4%
Солтүстік Қазақстан облысы	288	2,3%
Ақмола облысы	1038	8,3%
Батыс Қазақстан облысы	425	3,4%
Түркістан облысы	700	5,8%
Жетысу облысы	325	2,6%
Шымкент	500	4,0%
Алматы облысы	638	5,1%
Ұлытау облысы	314	2,5%
Ақтөбе облысы	575	4,6%
БАРЛЫҒЫ:	**12 507**	**100,0%**

Зерттеуге қатысқан респонденттер елдің барлық 20 аймағынан мұқият таңдалып, іріктеменің жоғары өкілдігін қамтамасыз етті. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санындағы әр аймақтың үлесі жалпы халықтың статистикалық параметрлеріне сәйкес келеді, ол зерттелетін құбылыстың ұлттық деңгейде жай-күйі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Аталған тәсіл зерттеу нәтижелерінің елдің түрлі бөліктеріне тән әртүрлі көзқарас пен тәжірибені ескеруді қамтамасыз етеді.

Бұл ретте халықтың әлеуметтік-экономикалық құрылымы ескерілді: іріктеме жас құрамын, жыныстық таралуын, білім деңгейін және басқа да маңызды демографиялық сипаттамаларды көрсетеді. Барлық аймақтардан алынған мәліметтердің қиылысы жалпы тенденцияларды да, аймақтық ерекшеліктерді де анықтауға мүмкіндік береді. Ол талдаудың маңызын ұлғайтып қана қоймай, зерттеушілерге күрделі әлеуметтік процестерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, барлық факторларды ескере отырып, іріктеме қоғам алдында тұрған өзекті мәселелерді талдауға жаңа белестер ашатын, кейінгі зерттеулер мен практикалық қорытындылар үшін сенімді құрал болып табылады.

2.2 Зерттеу нәтижелері бойынша негізгі көрсеткіштер

Азаматтар мен ұйымдарға ұсынылатын электрондық қызметтердің көпшілігі бүгінде электрондық порталдар мен сервистер арқылы сұранысқа ие, бұл туралы оларды пайдалану туралы деректер айқын көрсетеді. Атап айтқанда, «Электрондық үкімет» порталында осындай қызметтер үшін барлық өтініштердің 78,8% тіркелді. аталған сан азаматтардың күнделікті өміріндегі электрондық технологиялардың маңыздылығы мен ыңғайлылығын көрсетеді, оларды мемлекеттік мекемелерде міндетті болу қажеттілігінен босатады.

Жүйе қажетті құжаттарды тез және тиімді алуға, анықтамалар сұратуға және түрлі лицензияларды рәсімдеуге мүмкіндік береді, бұл әсіресе әр минут маңызды болған қазіргі заманда қала жағдайында маңызды.

Сонымен қатар азаматтардың 21,2% дәстүрлі жолды, яғни қызмет алу үшін қағаз нұсқасын пайдалануды жөн көреді. Бұл әдеттерге, Интернетке қол жетімділіктің болмауына немесе сандық технологияға сенімсіздікке байланысты болуы мүмкін. Дегенмен, электрондық қызметтерді пайдаланушылар санының арту үрдісі халықтың инновацияларға бейімделуінің жоғары деңгейін көрсетеді, бұл мемлекеттік секторда цифрландыруды одан әрі дамыту үшін оң белгі болып табылады.

Қызметті қағаз түрінде алған кезде көпшілігі ХҚКО-ға (14,3%), ал респонденттердің аз саны мемлекеттік органдар мен мекемелерге – 7,0% жүгінді.

4-диаграмма. Мемлекеттік қызметті алу түрі



4-кесте. Мемлекеттік қызметтерді алу орны

Электрондық түрі	Саны	Проценті
«Электрондық үкімет» порталы	6220	49,7%
Электрондық лицензиялау порталы	1379	11,0%
ХҚКО өз-өзіне қызмет көрсету аймағы	776	6,2%
«Электрондық үкімет» порталының мобильді қосымшасы	709	5,7%
Басқа (әкімдік, экспорттық-импорттық операцияларға арналған ҚР бірыңғай терезесі, INDIGO автоматтандырылған сервисі, Еңбек.кз порталы, SAKURA электрондық мектебі және тағы басқалар)	758	6,1%
Барлығы:	**9 842**	**78,7%**
Қағаз түрі	**Саны**	**Проценті**
ХҚКО қызметкері арқылы	1791	14,3%
Мемлекеттік орган, мекеме	874	7,0%
Барлығы:	**2 665**	**21,3%**
Жалпы қорытынды:	**12 507**	**100,0%**

Электрондық порталдар мен сервистердің ішінде сауалнамаға қатысқан азаматтар «Электрондық үкімет» порталы екенін атап өтті. E-gov.kz ыңғайлы және қолжетімді нысанда түрлі мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, көшбасшылық позицияны алады. Бұл портал пайдаланушыларға көлік құралдарын тіркеуді, салық декларацияларын тапсыруды және үзінді көшірмелер мен анықтамаларды алуды қоса алғанда, барлық сұралған қызметтердің 49,9%-не дейін алуға мүмкіндік береді.

Маңызды баламалардың бірі электрондық лицензиялау порталы elicense.kz, лицензияларды алу және жаңарту үшін қажетті құралдарды ұсынады. Бұл

заңнамалық нормаларды сақтағысы келетін кәсіпкерлер мен компаниялар үшін маңызды ресурс ретінде қызмет етеді, 11,0%

Сауалнамаға қатысқандардың 5,7% пайдаланатын eGov mobile мобильді қосымшасы мобильді пайдаланушыларға қызметтерге жолда ыңғайлы қол жеткізуді ұсынады, бұл мемлекеттік құрылымдармен өзара әрекеттесу процесін айтарлықтай жеңілдетеді. 6,1% жинаған басқа платформалардағы қосымша онлайн қызметтер экожүйенің маңызды элементі болып табылады, бұл пайдаланушыларға арнайы ұсыныстарды табуға және белгілі бір салаларда қолдау алуға мүмкіндік береді. Осылайша, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру азаматтар үшін сервис сапасын жақсарту жолындағы маңызды қадамға айналуда.

5-диаграмма. Пайдаланылған онлайн алаңдар және респонденттерді авторизациялау әдістері



5-кесте. Порталға кіру әдістері

№	Әдіс	Проценті
1	ЭЦҚ арқылы	75,7%
2	СМС арқылы	18,2%
3	Білмеймін/есімде жқ	6,1%
Барлығы		100%

Электрондық қызметтерді алған респонденттердің негізгі бөлігі порталға авторизациялау және тіркеу үшін ЭЦҚ-ны пайдаланды (75,7%), қалған бөлігі (18,2%) порталға кірудің баламалы тәсілдерін пайдаланды: SMS арқылы, сондай-ақ білмеймін/есімде жоқ деп атап өткендер - 6,1%.

Қолжетімділік және ыңғайлылық

Мемлекеттік қызметтерді кешенді бағалау үшін көрсетілетін қызметті алушылар өз бағасын 1-ден 5 ұпайға дейін қоятын көптеген параметрлер мен өлшемдер ескерілді, содан кейін әрбір параметр бойынша, содан кейін өлшемдер бойынша 5 балдық шкала бойынша орташа мән көрсетіледі.

Бекітілген әдіснамаға сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау 8 негізгі өлшем бойынша өтеді, олардың әрқайсысы мемлекеттік қызметті алу кезіндегі бюрократия сияқты қосымша кіші өлшемдер мен көрсеткіштерден тұрады.

Мемлекеттік қызметтің қолжетімділігі ыңғайлылықпен қатар оны алу мүмкіндігінің айқындаушы факторы болып табылады. Қолжетімділік дегеніміз негізінен қызметке физикалық және физикалық емес қолжетімділіктің болуы.

Мәселен, 2024 жылы 70 мемлекеттік қызметті бағалау кезінде қызмет көрсетудің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын бағалаудың орташа мәні 4,71 ұпай белгісінде және қанағаттану деңгейі 79,8% деңгейінде тұр.

Бұл ретте, электрондық түрде алынған қызметтердің ыңғайлылығы мен қолжетімділігі қағаз нысанда алынғандарға (4,89 ұпай) қарағанда төмен (4,61 ұпай) бағаланады.

6-кесте. Қызмет көрсету кезінде қолжетімділік пен ыңғайлылықты бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	**Қағаз нысаны**				
	Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан	4,83	**4,81**	83,3%	**88,9%**
	Ыңғайлы жұмыс уақыты	4,88		96,6%	
	Тұрақ орындары жеткілікті	4,82		80,3%	
	Ғимаратқа кіру қолжетімді болды (мысалы, ғимаратқа физикалық кіруге және оған кіруге ешқандай кедергі болған жоқ)	4,73		90,6%	
	Жайлы қажетті күту аймақтары болды	4,83		87,3%	
	Қызмет әділ және тең негізде ұсынылды	4,76		95,4%	
	Электрондық нысан				
	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,65	**4,61**	70,0%	**70,7%**
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,45		69,1%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,61		68,2%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымын бағалау	4,74		75,4%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,71**		**79,8%**

Қағаз нысанда қызметтерді алу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар «жайлы күту аймақтары» (4,83 ұпай), «көрсетілетін қызметті берушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан» (4,83 ұпай) және «ыңғайлы жұмыс уақыты» (4,88 ұпай) – кіші өлшемдері жоғары бағалады, ал ғимаратқа оңай қол жеткізуге қатысты кіші өлшемімен аз дәрежеде қанағаттанды (4,73 ұпай).

Электрондық нысанда қызметтерді алу кезінде ең төмен орташа ұпай «ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы» (4,45 ұпай) кіші өлшемшартына ие болды. Бұл көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-ны алғаш алған кезде ЭЦҚ-ны өз бетінше алу үшін, әсіресе егде жастағы ұрпақ пен компьютерді күнделікті негізде пайдаланбайтындар үшін күрделілік туындайтынын және АКТ-ны қосымша білу қажет болуы мүмкін екенін көрсетеді. Соған қарамастан, одан әрі авторландыру және ЭЦҚ-ны пайдалану кезінде көрсетілетін қызметті алушылар «порталдың сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымын бағалау» кіші өлшемшартына ең жоғары баға берді – 4,74 ұпай, электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау – 4,65 ұпай, электрондық нысанда алынған қызметтер үшін қолжетімділік және ыңғайлылық өлшемі бойынша орташа ұпай 4,61 құрайды.

Ақпарат және байланыс

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың келесі өлшемі - ақпарат және байланыс. Көрсетілетін қызметті берушілердің барлық деңгейлері ұсынатын ақпарат қолжетімді, ашық, толық, шынайы және өзекті болуы тиіс, ал толтыру

кезеңдері мен қосымша түсіндірмелер жасына, жынысына, қарым-қатынас тіліне, білім деңгейіне және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан кез келген көрсетілетін қызметті алушы үшін түсінікті болуы тиіс. Жалпы орташа ұпай 4,85 және қанағаттану деңгейі 83,6% болды.

7-кесте. Қызмет көрсету кезінде қызмет және байланыс туралы ақпаратты бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	**Қағаз нысаны**				
	Менде мемлекеттік қызмет туралы ақпаратқа әртүрлі тәсілдермен қол жеткізу мүмкіндігі болды (мысалы, сайтта, call-орталықта)	4,83	**4,81**	72,3%	**76,1%**
	Қажетті қызметкерлерді, кабинеттерді табу оңай болды	4,86		86,3%	
	Ғимаратта түсінікті және пайдалы барлық қажетті белгілер болды	4,85		80,3%	
	Мен қызметті алу бойынша қадамдық нұсқаулықты (ақпарат, кеңес) алдым	4,74		81,2%	
	Менде қазақ және орыс тілдерін таңдау мүмкіндігі болды (құжаттарды толтыру, қарым-қатынас жасау үшін)	4,83		83,3%	
	Нысандар мен бланкілерді, басқа құжаттарды түсіну оңай болды	4,79		64,6%	
	Қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпарат берілді	4,77		64,4%	
	Электрондық нысан				
	Порталда (онлайн-алаңда) қызықтыратын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,92	**4,89**	88,4%	**78,3%**
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,83		79,7%	
	Порталда қызмет алу тәсілі бойынша ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,80		64,2%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілдерінде орналастырылған	4,96		75,3%	
	Порталды пайдалану жөніндегі Нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,92		84,1%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,85**		**83,6%**

Қағаз нысанда ең жоғары бағаны «қажетті қызметкерлерді табу оңай» – 4,86 ұпай, «көрсеткіштердің болуы және олардың пайдалылығы» (4,85 ұпай) кіші өлшемдері алды. Ең төменгі баға «қызметті алу бойынша қадамдық нұсқаулықты алдым» (4,74 ұпай) кіші өлшемі алды. Ақпарат және байланыс өлшемі бойынша қағаз түрінде орындалған қызметтер үшін жалпы орташа мән қанағаттану деңгейі 76,1% болған кезде 4,81 ұпайды құрайды.

Электрондық нысанда алынған қызметтер бойынша жоғары ұпай «порталдағы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде бар» кіші өлшемі 4,96 ұпай, ал төмен ұпайды «қызметті алу үшін талаптар (қажетті құжаттар) бойынша порталдағы (онлайн-алаңдағы) ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау» кіші

өлшемі алды - 4,83 ұпай. Электрондық қызметтер үшін осы өлшем бойынша орташа ұпай 4,89 ұпай болып, қанағаттану деңгейі 78,3% құрады..

Қызметкерлер

Сауалнамаға қатысқан көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің жұмысын 4,92 ұпайға бағалап, қанағаттану деңгейі 71,7% тіркелді.

8-кесте. Қызмет көрсету кезінде қызметкерлердің жұмысын бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Құзыретті, ақпаратты меңгерген қызметкерлер	4,92	**4,92**	76,7%	**71,7%**
	Қызметкерлер жылдам әрекет етеді	4,94		69,6%	
	Қызметкерлер сыпайы және менің қажеттіліктеріме мұқият қарайды	4,89		71,7%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,92**		**71,7%**

Бұл ретте «құзыретті және ақпаратты меңгерген қызметкерлер» (4,94 ұпай) кіші өлшемі ең үлкен мәнге ие болды, ал қызметкерлердің сыпайылығы мен ұқыптылығы қалған кіші өлшемдерден (4,89 ұпай) төмен бағаланды.

Рәсім

Мемлекеттік қызмет сапасын бағалаудың маңызды өлшемдерінің бірі оны көрсету рәсімі болып табылады. Құжаттарды жинау рәсімі мен тапсыру процесі ұйымдастырушылық және техникалық тұрғыдан қарапайымдылық пен анықтықты қамтуы керек. Сонымен, жалпы орташа мән 4,85 ұпайға тең, ал қанағаттану деңгейі 89,6%-ке бағаланды. Бұл жалпы азаматтардың жүйені оң қабылдайтындығын көрсетеді, бірақ жақсартуға арналған салалар да бар. Қызметтердің ыңғайлылығы мен қолжетімділігінің маңыздылығын бағаламауға болмайды, өйткені олар мемлекеттік органдарға деген қоғамдық сенімді қалыптастыруда шешуші рөл атқарады.

Азаматтардың мемлекеттік мекемелермен өзара іс-қимылының нақты кезеңдеріне назар аудару қажет. Рәсімдерді оңтайландыру, өтініш берудің электрондық жүйелерін енгізу және бірыңғай ақпараттық база құру қызметтерді көрсетудің тиімділігін айтарлықтай арттыруға септігін тигізеді. Процесс барысы мен мүмкіндіктері туралы халықты ашық хабардар ету де ашықтықты арттырудағы маңызды қадам болып табылады. Сайып келгенде, көрсетілетін қызметтердің қанағаттануы мен сапасының жоғары деңгейіне ұмтылу азаматтардың пікірін үнемі талдауға және есепке алуға негізделуі керек, бұл мемлекеттік қызметтерді қоғамның өзгеріп отыратын талаптарына бейімдеуге көмектеседі.

2023 жылмен салыстырғанда жалпы көрсеткіштер 0,06 ұпайға және қанағаттану деңгейі 7,4% ұпайға өсті.

9-кесте. Қызмет көрсету рәсімін бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
РӘСІМ	**Қағаз нысаны**				
	Құжаттарды жинау және тапсыру тәртібі қарапайым және түсінікті	4,89	**4,84**	87,7%	**88,1%**
	Қарастыру процедурасы оңтайлы, қарапайым және түсінікті	4,87		91,4%	
	Нәтижені беру рәсімі ыңғайлы, қарапайым	4,78		85,2%	

	және түсінікті				
	Электрондық нысан				
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар, кабинеттер бойынша жүру)	4,92	**4,85**	98,4%	**91,2%**
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимде алуға болады)	4,91		98,1%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,75		81,3%	
	Алынған құжатта (анықтама, сертификат және т. б.) қателер, кемшіліктер болған жоқ	4,83		86,8%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,85**		**89,6%**

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қызметтерді пайдаланушылар электрондық порталдар мен сервистер арқылы қызметтерді алудың онлайн-рәсімі ХҚКО-лардағы дәстүрлі рәсімге қарағанда әлдеқайда оң қабылданғанын атап өтті. Электрондық сервис үшін орташа ұпай 4,85, қанағаттану деңгейі 91.2%, ал қағаз қызметтері 4,84 ұпай, қанағаттану деңгейі 88,1% болды.

Құжаттарды жинау және тапсыру сияқты кезеңдер айрықша ерекшеленеді, олар 4,89 ұпайға және қанағаттану деңгейі 87,7% бағаланды, бұл олардың қарапайымдылығы мен түсініктілігін көрсетеді. Нәтижені беру рәсімі кіші өлшемі басқа кіші өлшемдермен салыстырғанда төмен, яғни, 4,78 ұпай алып, қанағаттану деңгейі 85,2 % құрады.

Онлайн нысанды бағалау кезінде пайдаланушылар қажетті құжаттарды порталға жүктеуді осы блоктың басқа кіші өлшемдерімен салыстырғанда қанағаттану еңгейі 81,3% құрап, 4,75 ең төменгі ұпаймен бағалады. Ең жоғары 4,92 ұпай мен 98,4% қанағаттану деңгейі «электрондық қызметті алу үшін құжаттарды жинау артық бюрократияны қажет етпеді» деген кіші өлшемге ие болды. Бұл электрондық платформалар арқылы мемлекеттік қызметтермен өзара іс қимыл процесін тиімді жеңілдеткенін ерекше атап көрсетеді.

Қызмет көрсету мерзімі

Қызмет көрсету мерзімі өлшемі 4,95 ұпайға, қанағаттану деңгейі 89,9%-ке бағаланды. Қағаз түріндегі ең жоғары ұпайды «қызметті алу үшін қажетті мерзіммен» салыстырғанда, «күту уақыты, қызмет көрсету орнындағы кезектер» кіші өлшемі алды (4,91 ұпай), қанағаттану деңгейі 81,4%. Электрондық нысанда бұл өлшем 4,89 ұпайға және қанағаттану деңгейі 76,3%-ке бағаланды. 2023 жылмен салыстырғанда жалпы көрсеткіш 0,19 ұпайға, қанағаттану деңгейі 11%-ке өсті. Негізінен, көрсетілетін қызметті алушылар қызметті алу кезінде мерзімдерді қысқарту немесе құжаттарды алуды (мысалы, ҚР куәлігін немесе паспортын алу кезінде) жеделдету бойынша ақылы қызметті енгізуді атап өткен.

10-кесте. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну мерзімдерін бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
	Қағаз нысан				
МЕРЗІМДЕР	Қызметті алу үшін қажетті мерзім қолайлы	4,87	**4,89**	85,7%	**83,5%**
	Күту уақыты, қызмет көрсету орнындағы	4,91		81,4%	

	кезектер қолайлы				
	Электрондық нысаны				
	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,89	**4,89**	76,3%	**76,3%**
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,95**		**89,9%**

Шығындар

Мемлекеттік қызметтерді алуға арналған шығындар да халық үшін қызметтердің қолжетімділігінің маңызды параметрі болып табылады. 2024 жылғы мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес мемлекеттік қызметтердің едәуір бөлігі халық үшін тегін көрсетіледі.

Сондай-ақ қызмет ақылы немесе ақысыз болғанына қарамастан, қызметтерді алу үшін басқа елді мекенге жол жүруге (қызметті алу үшін аудан орталығына баруға), бағалау, өзге өңірлерден сұраныс бойынша курьерлік жеткізу және т.б. сияқты қосымша құжаттар алуға байланысты қосымша шығындар туындауы мүмкін Бұл мән жайлар халықтың әлеуметтік осал санаты үшін мемлекеттік қызметті алу үшін қаржылық кедергі болуы мүмкін. Сондай-ақ, ақылы қызмет көрсететін «қызмет көрсету агенттіктері» бар (қызмет бастапқыда тегін болуы мүмкін болса, мысалы, зейнетақы тағайындау, балаға жәрдемақы беру және т.б.). Бұдан басқа қосымша бейресми шығындарға көрсетілетін қызметті берушілер тарапынан жеке тұлғалардың сыбайлас жемқорлық сипатындағы жосықсыз әрекеттері (паралар, сыйлықтар) жатады, ол мынадай қызметтерге байланысты: әскери билеттерді алу (медициналық комиссиядан өту), шетелде емделу (кезекті жеделдету үшін), жасы бойынша зейнетақы тағайындау.

Осылайша, алынған мәліметтер бойынша қызметтің бағасы келесідей болды: қағаз түріндегі нысаны бойынша орташа ұпай - 4,81 ұпай және қанағаттану деңгейі 87%, электрондық қызмет нысаны бойынша орташа ұпай - 4,80 ұпай және қанағаттану деңгейі 87,97%. Электрондық қызметтер өлшемдері бойынша бөлімде «мен қызметті алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын» - 4, 67 ұпай, қағаз нысаны бойынша 4,83 ұпай, «мен қызметті алуға қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын» тармағы бойынша қағаз және электрондық нысанда 4,76 ұпай. 2023 жылмен салыстырғанда жалпы ұпай 0,12 ұпайға, қанағаттану проценті 15,53 ұпайға өсті. Көрсетілетін қызметті алушылар Тауарлардың жекелеген түрлерін импорттауға лицензия беру, Алкоголь өніміне лицензия беру, Мерзімді баспа басылымдарын, Ақпараттық агенттіктер мен желілік басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу сияқты құны 2 АЕК-тен асатын басқа да белгілі бір қызметтерге ақы төлеудің азаюы туралы атап өтті.

11-кесте. Қызмет көрсету кезінде қызмет және байланыс туралы ақпаратты бағалау

Бағалау өлшемдері	Көрсетілген қызметтің сапасын қағаз нысанда бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ШЫҒЫНДАР	**Қағаз нысан**				
	Шығындар сомасы қолайлы	4,83	**4,81**	83,3%	**86,1%**
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,83		83,3%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,83		83,3%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,76		94,5%	
	Электрондық нысаны				
	Шығындар сомасы қолайлы	4,92	**4,80**	91,7%	**87,9%**
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы	4,83		91,7%	

	болды				
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығындар алған жоқпын	4,67		75,0%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,81		93,5%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,81**		**87,0%**

Кері байланыс

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу кезінде сұрақтар немесе қиындықтар туындаған кезде көрсетілетін қызметті алушылар уәкілетті мемлекеттік органға не осы қызметті көрсететін ұйымға шағымдармен жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушылардың сауалнамасы нәтижесінде респонденттердің шамамен 0,7% мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағым түсірді, бұл абсолютті мәндерде 88 адамды құрайды. Олардың ішінде сауалнамаға қатысқандардың 82% қызметті электронды түрде алды. Көбіне респонденттер шағымдармен ауызша (95,5%), тек 4 адам ғана жазбаша шағымдармен жүгінген.

12-кесте. Шағымдар мен өтініштер

Респонденттер	**Саны**	**Проценті**
Респонденттердің жалпы санынан		
Шағым түсіргендер	88	0,7%
Шағым түсірмегендер	12 419	99,3%
Барлығы	**12 507**	**100,0%**
Өтініш нысаны		
Ауызша	84	95,5%
Жазбаша	4	4,5%
Барлығы	**88**	**100,0%**

Виртуалды көмекші

«Электрондық үкімет» порталында электрондық қызметтерді алу кезінде жедел кері байланысты қамтамасыз ету құралдарының бірі «виртуалды көмекші» чат-боты болып табылады, оның жұмысы 4,16 ұпайға, қанағаттану деңгейі 46,7% ұпайға бағаланды.

13-кесте. Виртуалды көмекшіні пайдалануды бағалау

Бағалай өлшемдері	**Көрсетілген қызметтің сапасын электронды нысанда бағалау**	**Орташа ұпай**		**Қанағаттану деңгейі**	
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы	4,15	4,16	48,1%	46,7%
	Виртуалды көмекшінің жауаптарының толықтығы	4,04		38,5%	
	Виртуалды көмекшінің Сіздің сұрауыңызға жауап беру жылдамдығы	4,29		53,6%	
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,16**		**46,7%**

Портал пайдаланушылары виртуалды көмекшінің ыңғайлылығына (4,15 ұпай), виртуалды ккмекшінің сұрауына жауаптың толықтығына (4,04 ұпай) қанағаттанды. Көбінесе респонденттер виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығына қанағаттанады.

Көрсетілетін қызметті алушылар виртуалды көмекші сұрақтарға толық жауап бермейтінін, тек қысқа ақпаратты немесе барлық ақпаратты қосымша іздеу қажет болатын сілтемені беретінін атап өтті. Сондай-ақ порталға кірген кезде виртуалды көмекшіге сілтемені табу қиын (жылдың басында порталдың бұрышында қызыл белгі ретінде болған, бірақ тамызда ол жоғалып кетті, бұл виртуалды көмекшіге жүгінуді қиындатады), бүгінгі таңда аталған белгі порталда авторизацияланған кезде ғана көрсетіледі

Сондай-ақ, мобильді қосымшада виртуалды көмекші соңында тұрғанын атап өткен жөн, осыған байланысты порталда және мобильді қосымшада виртуалды көмекшіні бірден табу қиынға соғады.



1414 Бірыңғай байланыс орталығы

Сауалнама нәтижелері бойынша 1414 Бірыңғай байланыс орталығына сұралғандардың жалпы санынан көрсетілетін қызметті алушылардың 42,6% (абсолюттік мәнде 5 328 адам) консультация алуға өтініш білдірген.

6-диаграмма. 1414 Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну

14-кесте. Бірыңғай байланыс орталығына жүгіну

Өтініш	Саны	Проценті
Жүгінген	5 328	42,6%
Жүгінбеген	7 179	57,4%
Барлығы	**12 507**	**100,0%**

Көрсетілетін қызметті алушылар мұндай жағдай негізінен орыс тілінде жүгінген кезде байқалатынын көрсете отырып, оператормен байланысу үшін жиі 4-5 әрекет жасауға тура келетінін атап өтті. Мемлекеттік тілді қолдану кезінде байланыс тиімділігі айтарлықтай артады, өйткені «Робот» бұл жағдайда қоңырауды жылдам бағыттауды ұсынады және бастапқыда күту уақытын қысқартуға және қызмет көрсету сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін өтініш тақырыбы туралы қосымша ақпарат сұрайды.

Сонымен қатар, көптеген пайдаланушылар интуитивті емес дауыстық мәзір интерфейсіне наразылықтарын білдіреді. Көбінесе аудио кеңестер тым ұзақ ойнайды және қажетсіз ақпаратпен шамадан тыс жүктеледі, бұл тез шешім қабылдауды қиындатады. Командаларды бірнеше рет қайталау қажеттілігі тітіркену мен наразылықты тудырады, бұл қызметтің жалпы қанағаттануына кері әсер етеді. Жоғарыда айтылғандарға байланысты көрсетілетін қызметті алушылар мен операторлар арасындағы неғұрлым ыңғайлы және жылдам өзара іс-қимылды қамтамасыз ету үшін қолданыстағы процестерге талдау жүргізудің қажеттілігі бар.

Нәтиже

Алынған қорытынды құжат мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау кезінде ерекше маңызға ие. Мәселен, кейбір жағдайларда алынған құжатта (анықтама, жәрдемақыға есеп айырысу, рұқсат беру құжаттамасы, сертификат) дәлсіздіктер мен қателіктер туындауы мүмкін, бұл мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейін едәуір төмендетеді.

Көбінесе мұндай мәселелер ішінара автоматтандырылған немесе автоматтандырылмаған қызметтерде кездеседі.

15-кесте. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін бағалау

Нәтиже	**Электрондық қызметтер**		**Қағаз қызметтері**	
Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,94	92,4%	4,89	90,8%
ОРТАША ҰПАЙ	**4,92**		**91,6%**	

Көрсетілетін қызметті алушылардан алынған сауалнама деректері бойынша көрсетілген қызмет нәтижесін бағалаудың орташа мәні 4,92 ұпайға тең, ал қанағаттану деңгейі 91,6%-ті көрсетті. Бұл ретте қанағаттанушылықтың жоғары деңгейі және электрондық түрде алынған қызмет сапасын бағалау үрдісі сақталады (4,94 ұпай - 4,89 ұпайға қарсы).

2.2.1 Мемлекеттік органдар мен ұйымдардағы бюрократия және қағазбастылық

Сондай-ақ қоғамдық мониторинг аясында мемлекеттік аппараттағы бюрократия туралы қоғамдық пікір зерделенді. Мәселен, сұралғандардың пікірінше, көп жағдайда (99,3%) мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл процесінде халық бюрократия мен қағазбастылыққа ұшырамайды, сондай-ақ қызмет көрсету барысында көп жағдайда қосымша құжаттар (99,4%) талап етілмеген.

7-диаграмма. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл кезінде бюрократия және қағазбастылық



Соған қарамастан, 0,7% жағдайда сауалнамаға қатысқандар мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл барысында бюрократия мен қағазбастылыққа тап болғанын, ал тағы 0,6% жағдайда талаптардың бастапқы тізімінде көрсетілмеген қосымша құжаттар талап етілгенін көрсетті.

16-кесте. Бюрократия көрінетін процедуралар

№	Бюрократия мен қағазбастылықтың қандай рәсіммен байланысты болғанын көрсетіңіз	Саны	Проценті
1	Құжаттар мен өтінімдерді қабылдау рәсімі	55	42,2%
2	Қызмет көрсету рәсімі (мерзімдері)	30	34,2%
3	Бірнеше рет бас тарту	3	3,6%
	БАРЛЫҒЫ:	**88**	**100%**

Құжаттарды жинау және тапсыру процесі, рәсімнің кезеңділігі, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезіндегі мерзімдер мен бас тартулар не мемлекеттік органдармен, ұйымдармен өзге де өзара іс-қимылдар бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі келесідей нәтижелер алынды:

Мәселен, мемлекеттік қызметті алу рәсімі немесе мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзге де өзара іс-қимыл барысында бюрократия мен қағазбастылыққа тап болғанын атап өткендердің (100%, N=88) арасында:

- 34,2% жағдайда мерзімдердің кешіктірілгені атап көрсетілген;
- 42,2% жағдайда құжаттарды жинау және тапсыру процесінде бюрократия байқалды, қосымша құжаттар қажет болды және әртүрлі органдарға жүгіну қажет болғандығы айтылған;
- 3,6% жағдайда бірнеше рет бас тартылғаны байқалады.

17-кесте. Сауалнамаға қатысқандар бюрократия мен қағазбастылыққа түскен мемлекеттік органдардың атауы

Мемлекеттік органның атауы	Саны	Проценті
Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау (Азаматтарға арналған үкімет)	33	37,5%
Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру (Азаматтарға арналған үкімет)	26	29,5%

Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу (әкімдік)	29	33,0%
БАРЛЫҒЫ:	**107**	**100%**

Қоғамдық мониторингке жататын 70 мемлекеттік қызмет бөлінісінде мемлекеттік қызметті алу процесінде бюрократия мен қағазбастлыққа жиі ұшырайды: «жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау» қызметі бойынша - көрсетілетін қызметті алушылардың 37,5% бюрократия мен қағазбастылыққа тап болғанын атап өтті, атап айтқанда: қызмет көрсету процесінде бастапқы құжаттарда көрсетілмеген қосымша құжаттар талап етілді (үш жағдайда).

Бюрократия мен қағазбастылық саны бойынша екінші орында «Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру» - 29,5%. Респонденттер мемлекеттік қызметті алу процесінде, атап айтқанда медициналық комиссиядан өту, комиссиядан анықтама беру мерзімдерін кешіктіру бөлігінде қағазбастылыққа және бюрократияға тап болғанын атап өтті.

Бюрократияландырылғандық бойынша үшінші орында тұрған мемлекеттік қызмет: «Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу». Сауалнамаға қатысқандардың 33,0% әртүрлі әкімшілік кедергілер мен бюрократияға тап болған, атап айтқанда, бұл ауылдық жерлерде көптеген құрылғыларды алу қиын болғандықтан және адамдар аудан орталығында алуға мәжбүр. Сондай-ақ, бұл құрылғыларды алуды растау медициналық ұйымдардың қорытындысына байланысты кешіктіріледі.

Мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл процесіндегі қиындықтар

Сауалнамаға қатысқандар мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл процесінде қиындықтар туындауының қосымша себептерін атап өтті.

Мәселен, респонденттердің үштен бір бөлігінен артығы (38,4%) мемлекеттік қызметтерді алу кезінде немесе мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзге де өзара іс-қимылдар кезінде проблемалардың жоқтығы байқалады. Дегенмен, сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі (61,6%) белгілі бір қиындықтарды атап көрсетті.

Осылайша, сауалнама нәтижелері бойынша аталған қиындықтардың көбі төмендегілерге байланысты:

- қызмет ұзақ мерзімде көрсетіледі;
- порталдың/сервистің нашар жұмысы (ашылмады, жүктелмеді, жұмыс істемеді);
- интернетке қосылудың қажетті жылдамдығының болмауы;
- қажетті құжаттарды жүктеудің күрделілігі;
- түсініксіз техникалық ақаулар;
- қалай тіркелу керек, порталда жұмысты қалай бастау керектігі (портал жұмыс істеуі үшін қажетті бағдарламаларды жүктеу) түсініксіз;
- порталда қызметті алуға қойылатын талаптар туралы, қызмет туралы ақпаратты іздеудің күрделілігі;
- электрондық қызметті қайдан алуға болатындығы туралы ақпаратты табудың күрделілігі;
- Интернетке шығу мүмкіндігінің болмауы;

- мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етудің техникалық, ұйымдастырушылық және сервистік сипатындағы, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау кезіндегі өзге де рәсімдердегі қиындықтар.

18-кесте. Қызметтерді алу процесіндегі қиындықтар

№	Жауап нұсқалары	Саны	Проценті
1	Қызмет ұзақ мерзімде ұсынылады	2569	20,5%
2	Порталда қызметті алуға қойылатын талаптар туралы, қызмет туралы ақпаратты іздеудің күрделілігі	3578	28,6%
3	Қажетті құжаттарды жүктеудің қиындығы	175	1,4%
4	Порталдың/сервистің нашар жұмысы (ашылмайды, жүктелмейді, жұмыс істемейді)	2560	20,5%
5	1414 Бірыңғай байланыс орталығының нашар жұмысы	2856	22,8%
6	Түсініксіз техникалық ақаулар болды	563	4,5%
7	Алаңда (порталда, қосымшада, ботта) жұмыс істеу кезінде проблемалар, қиындықтар туындаған жоқ	206	1,6%
Барлығы		**12 507**	**100,0%**

2.2.2 70 мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау бойынша қоғамдық мониторингтің нәтижелері

Қоғамдық мониторинг 12507 көрсетілетін қызметті алушы арасында жүргізілді. Сауалнамалармен 32 орталық мемлекеттік органға және 20 жергілікті атқарушы органға және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жататын 70 мемлекеттік қызмет бойынша елдің барлық 20 өңірі, оның ішінде республикалық маңызы бар 3 қала қамтылды.

Мониторингпен орталық мемлекеттік органдардың 55 қызметі және жергілікті атқарушы органдардың 15 қызметі қамтылды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауға арналған қоғамдық мониторингінің нәтижелері бойынша бағалаудың орташа мәні **4,75 ұпайға** және қанағаттану деңгейі – **78,0%** жетті.

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасының қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілерінегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтер ең көп ұпай алды - қанағаттану деңгейі 5,00 ұпай – 100,0%, «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқасын беру» (5,00 және 100,0%), «Озонды бұзатын заттарды және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдерді Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуге лицензия беру» (5,00 ұпай және қанағаттану 100,00%).

Ең аз ұпай жинаған мемлекеттік қызмет – «Әскерге шақыруды кейінге қалдыру», орташа мәні 4,17 ұпай және қанағаттану деңгейі 51,8%.

19-кесте. МӘТ аясындағы қоғамдық мониторинг нәтижелері

№	Қызмет атауы	Меморган	Жалпы ұпай	
1	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілерінегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру	ҰҚК	5,00	100,0
2	Қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытынды беру	ЭТРМ	5,00	100,0
3	Озонды бұзатын заттарды және құрамында олар бар өнімдерді Еуразиялық экономикалық одаққа мүше емес мемлекеттерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы мемлекеттерге әкетуге рұқсат беру	ЭТРМ	5,00	100,0
4	Мемлекеттік аудитор сертификатын беру	ЖАП	4,98	97,1
5	Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою	ҚМ	4,98	98,1
6	Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия беру	ЭМ	4,98	97,5
7	Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау	МҚІА	4,95	95,8

	қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу			
8	Жер учаскесіне жалдау шартының телнұсқасын беру туралы	Мемкорпорация	4,94	95,8
9	Экономикалық шоғырлануға келісім беру туралы қолдаухаттарды қарау	БҚДА	4,94	93,8
10	Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесінде көзделмеген статистикалық ақпаратты беру	СЖРА	4,94	94,2
11	Сот органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	СӘ	4,93	92,6
12	Уәкілетті ұйымдарға берілетін қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларына лицензия беру	Ұлттық Банк	4,93	93%
13	Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын беру	ЭМ	4,93	93,4
14	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызмет көрсетуге лицензия беру	ЭТРМ	4,93	93,6
15	Құжаттарды заңдастыру	СІМ	4,91	91,7
16	Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	БП	4,87	87,5
17	Құжаттарды қабылдау және оларды Қазақстан Республикасының шет елдерде жүрген азаматтарына паспорттар жасауға жіберу	СІМ	4,86	86,6
18	Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру	ІІМ	4,85	87,4
19	Арнайы су пайдалануға рұқсат	СРИМ	4,85	85,8
20	Дене шынықтыру және спорт саласында кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға құжаттарды қабылдау	ТСМ	4,85	88,1
21	Прокаттау куәлігін беру	МАМ	4,84	83,6
22	Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттарды тану	ОАМ	4,84	85,1
23	Арнайы су пайдалану құқығын жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың су алу немесе ағызу жөніндегі құрылыстарда немесе құрылғыларда орнатылатын суды есепке алу аспаптарын пломбалау	СРИМ	4,83	83,2
24	Транспланттау мақсатында ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғанан кейінгі донорлығынан тірі кезінде бас тарту немесе келісім алуды тіркеу	ДСМ	4,82	85,8
25	Өлшем құралдарының типін бекіту туралы сертификатты беру	СИМ	4,82	82,7
26	Туристік операторлық қызметке (туроператорлық қызмет) лицензия беру	ТСМ	4,82	86,0
27	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарынан шығатын ресми құжаттарды апостильдеу	ОАМ	4,81	81,8
28	Акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту	ҚНРДА	4,81	84,0
29	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберудің орындылығы және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік маманарды тарту мүмкіндігіне құжаттарды қабылдау және қарау	ДСМ	4,80	79,8
30	Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру	ҒЖБМ	4,80	79,8

	ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету			
31	Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу	ҚНРДА	4,80	80,0
32	Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру	ДСМ	4,78	80,6
33	Мерзімді баспасөз басылымдарын, ақпараттық агенттіктерді және желілік басылымдарды есепке қою немесе қайта есепке алу	МАМ	4,78	78,1
34	Әскери міндеттілерге әскери билеттерді немесе олардың телнұсқаларын беру	ҚМ	4,78	77,9
35	Қазақстан Республикасының әділет органдарынан, азаматтық хал актілерін тіркеу және өзге де мемлекеттік органдарынан, сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою	ӘМ	4,78	80,5
36	Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу	ӘМ	4,78	80,6
37	Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлемдерді тағайындау	ЕХӘҚМ	4,78	78,9
38	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	ҒЖБМ	4,77	82,3
39	Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру	ТЖМ	4,77	81,1
40	Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру	ҚаржыМин	4,76	83,9
41	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау	ТЖМ	4,76	84,3
42	Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау	Мемкорпорация	4,76	80,1
43	Бірінші және екінші жауапкершілік деңгейіндегі объектілер бойынша техникалық қадағалауды және техникалық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларды аккредиттеу	ӨҚМ	4,76	78,4
44	Тауарлардың жекелеген түрлерінің импортына лицензия беру	СИМ	4,75	78,2
45	Геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне жоспарланып отырған жұмыс учаскелерінде жергілікті жерлердің геодезиялық және картографиялық жағынан зерделенгендігі туралы тиісті мәліметтер беру	ЦДИАӨМ	4,75	77,6
46	Ветеринариялық зертханалар (сынау хаттамалары) беретін сараптама актілерін беру	АШМ	4,75	76,5
47	Ауыр салмақты және (немесе) ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беру	КМ	4,74	78,7
48	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіру	ӨҚМ	4,73	82
49	Цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешенді цифрлық майнингке арналған аппараттық-бағдарламалық кешеннің тізіліміне қосу (тізілімнен алып тастау)	ЦДИАӨМ	4,72	76,5
50	Сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды беру	ҰЭМ	4,70	74,6
51	Жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу	КМ	4,69	70,2

52	Балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалануға рұқсат беру	АШМ	4,68	72,9
53	Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу	ЕХӘҚМ	4,66	69,6
54	Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану	ҚМ	4,65	76,4
55	Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру	ЖАО	4,65	73,1
56	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау	ЖАО	4,64	69,2
57	Құрылыс және реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобаларын әзірлеу кезінде бастапқы материалдарды ұсыну	ЖАО	4,60	68,7
58	Жасы бойынша зейнетақы тағайындау	ЕХӘҚМ	4,58	71,8
59	Мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу	ЖАО	4,56	65,2
60	Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту	ЖАО	4,55	67,6
61	Тұрғын үй көмегін тағайындау	ЖАО	4,52	60,4
62	Күтім жасайтын адамға берілетін жәрдемақыны тағайындау	ЖАО	4,50	55,2
63	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну	ЖАО	4,50	58,7
64	Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау	ЖАО	4,48	65,2
65	Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру	ЖАО	4,44	56,2
66	Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу	ЖАО	4,39	50,0
67	Қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу	ЖАО	4,39	54,6
68	Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарына түсуге құжаттарды қабылдау	ЖАО	4,39	53,1
69	Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру	ЖАО	4,31	60,6
70	Әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру	ЖАО	4,17	51,8
	БАРЛЫҒЫ:		**4,75**	**78,0**

Рейтингтің бірінші бестігіне орташа мәні 4,98 ұпай және қанағаттану деңгейі 97,1% болған «Мемлекеттік аудитор сертификатын беру», орташа ұпай 4,98 деңгейінде және қызмет көрсету сапасына қанағаттану 98,1% белгіленген «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою» сондай-ақ 97,5% қанағаттану деңгейімен 4,98 ұпайға бағаланған «Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия беру» және орташа мәні 4,95 ұпай белгісінде және қанағаттану деңгейі 95,8%-ке тең «Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткер мемлекеттік қызметшілер мен құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тестілеу» қызметі сияқты мемлекеттік қызметтер кіреді.

Төмен бағалау көрсеткіштері келесі қызметтер бойынша анықталды: «Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу», орташа мәні 4,39 ұпай және қанағаттану деңгейі 50,0%, «Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізу», орташа мәні 4,39 ұпай, қанағаттану деңгейі 54,6%, «Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернаттар-колледждерінің және спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың 5, 6, 7, 8, 9-сыныптарына түсуге құжаттарды қабылдау» орташа мәні 4,39 ұпай және қанағаттану деңгейі 53,1%, «Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру» орташа мәні 4,31 ұпай және қанағаттану деңгейі 60,6%.

Бизнес орта мен кәсіби қоғамдастық үшін көрсетілетін қызметтер – лицензиялар, рұқсаттар, статистикалық және басқа да кәсіби ақпарат беру, сондай-ақ сертификаттау және басқа да рұқсат беру және куәландыру құжаттары, дәстүр бойынша,ең жоғары бағаға ие болды.

20-кесте. Өңірлер бөлінісіндегі жиынтықтың нақты іріктемесі

Өңір	**Саны**	**Проценті**
Қызылорда облысы	738	5,9%
Маңғыстау облысы	1038	8,3%
Алматы	913	7,3%
Шығыс Қазақстан облысы	563	4,5%
Астана	1075	8,6%
Қарағанды облысы	813	6,5%
Атырау облысы	513	4,1%
Жамбыл облысы	650	5,2%
Қостанай облысы	588	4,7%
Абай облысы	388	3,1%
Павлодар облысы	425	3,4%
Солтүстік Қазақстан облысы	288	2,3%
Ақмола облысы	1038	8,3%
Батыс Қазақстан облысы	425	3,4%
Түркістан облысы	700	5,8%
Жетысу облысы	325	2,6%
Шымкент	500	4,0%
Алматы облысы	638	5,1%
Ұлытау облысы	314	2,5%
Ақтөбе облысы	575	4,6%
БАРЛЫҒЫ:	**12 507**	**100,0%**

2.2.3 «Электрондық үкімет» порталындағы онлайн мониторинг нәтижелері

Электрондық үкімет порталында онлайн мониторинг жүргізу аясында сауалнамадан 13 786 адам өтті. орташа ұпай 4,90 құрады. Респонденттердің қанағаттану деңгейі 95,6%. Онлайн мониторингтен өткендердің ең көп саны – «Психиатрия», «Наркология», «Фтизиатрия» анықтама қызметтері. 116 қызмет 5 ұпай және 100% қанағаттанушылық ты иеленді.

Онлайн мониторингтің мемлекеттік қызметтерінің рейтингі мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалаудың бірыңғай әдіснамасы бойынша есептелген, бірақ іріктемелі жиынтыққа қойылатын талаптарды есепке алмағанда, осы рейтингте тіпті бірыңғай сауалнамалар толтырылған барлық мемлекеттік қызметтер ұсынылған.

21-кесте

№	Мемле-кеттік қызмет коды	Мемлекеттік қызметтің атауы	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы	Саны	Орта ша ұпай	Қанағаттану
1	2	3	4	5	6	7
1	101001	Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар, жеке куәліктер беру	Құжаттарды бірінші рет ресімдеу: - 16 жасқа толмаған балаларға Қазақстан Республикасы азаматының паспортын; -16 жасқа толған адамдарға; - болған жеке куәлік немесе паспорт; - 1974 жылғы үлгідегі КСРО паспорты немесе оның жоғалту негізінде; - Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау кезінде	948	4,55	92,60 %
2			Жеке басты куәландыратын құжаттарды ауыстыру: - қолданылу мерзімінің өтуіне байлаысты; - жоғалтуына; - пайдалануға жарамсыз; - құжаттардың түрін өзгертуге байланысты оларды дайындаудың жаңа технологиясына сәйкес иесінің қалауы бойынша; - шетелден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға оралғанына байланысты			
3			Азаматтың анықтамалық деректері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, туған жері немесе өзінің			

			ұлтын көрсетпеу ниеті) өзгерген; шығарылған құжаттардағы жазбалардың дәл еместігі жағдайда құжаттарды ресімдеу			
4	101002	Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)		29	4,2	84%
5	101008	Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру		2	4,92	98,40 %
6	101009	Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру		155	4,78	96,70 %
7	101011	Шекара маңындағы аумақтың елді мекенінде тұрақты тұратын жері бойынша тіркелуін растайтын мәліметтерді беру		29	4,66	96,55 %
8	101012	Әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді кезекке қою		1	5	100%
9	00101012-1	Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу		1	5	100%
10	101013	Абоненттік нөмірді «электрондық үкімет» веб-порталының есептік жазбасына қосу		7	5	100%
11	102001	Жүргізуші куәліктерін беру	Жүргізуші куәліктерін беру	12	4,78	100%
12			Алғаш рет және көлік құралдарын басқару құқығынан айырылғаннан кейін жүргізуші куәлігін беру			
13	102002	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына куәліктер беру	«А», «В», «Г», «Б» және «Д» санаттарындағы тракторшы-машинист куәлігін алу	1	5	100%
14			«Қаршаналарды, квадроциклдерді басқаруға рұқсат етіледі» деген жазбасы бар тракторшы-машинист куәлігін алу			
15			Тракторшы-машинист куәлігін ауыстыру			
16			Тракторшы-машинист куәлігінің телнұсқасын алу			

17	201001	Қазақстан Республикасының азаматтарын тұрғылықты жері бойынша тіркеу		635	4,9	98,60 %
18	00201001-1.	Тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болуы (болмауы) туралы ақпарат беру		1	5	100%
19	00201001-2.	Сотталғандарды тұрғылықты жері бойынша ауыстыру		1	5	100%
20	201002	Қазақстан Республикасы азаматтарының уақытша болатын (тұратын) жері бойынша уақытша тіркеу		43	4,65	100%
21	201003	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеу		1	5	100%
22	201004	Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркеу		1	5	100%
23	201005	Пана іздеуші адам немесе босқын мәртебесін алған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды болған жері бойынша уақытша есебін жүргізу		1	5	100%
24	201006	Қазақстан Республикасының халқын тұрғылықты жері бойынша тіркеу есебінен шығару	Республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен адамдарды тіркеуден шығару	107	5	100%
25			Сот тұрғын үй-жайды пайдалану құқығынан айырылған деп танылғандарды тіркеуден шығару			
26			Тұрғын үй, ғимарат немесе үй-жай иесінің өтініші бойынша тіркеуден шығару			
27	201007	Қайтыс болуды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер,	Қайтыс болуды тіркеу	93	9,92	98,10 %
28			Қайтыс болу туралы акт жазбасына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу			

		толықтырулар мен түзетулер енгізу				
29	201008	Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру	Мүдделі тұлғалардың өтініші негізінде азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру			
30			Сот шешімінің негізінде азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру			
31	201009	Азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру	Туу туралы қайталама куәлік беру	18	4,98	93,75 %
32			Неке қию (ерлі-зайыпты болу) туралы қайталама куәлік беру			
33			Некені (ерлі-зайыпты болуды) бұзу туралы қайталама куәлік беру			
34			Қайтыс болу туралы қайталама куәлік беру			
35			Туу туралы анықтама беру			
36			Некені (ерлі-зайыпты болуды) бұзу туралы анықтама беру			
37			Неке қию (ерлі-зайыпты болуды) туралы анықтама беру			
38			Некеге құқық қабілеттілігі туралы анықтама беру			
39			Қайтыс болғаны туралы анықтама беру			
40			Өлімді тіркеу туралы хабарлама беру			
41	201012	Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін шығуға құжаттарды ресімдеу		1	5	100%
42	201013	Кандас мәртебесін беру немесе ұзарту	Жалпы тәртіпте мәртебе алу	3	5	100%
43			Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері арқылы қандас мәртебесін беруге жергілікті атқарушы органның келісімі негізінде мәртебе алу			
44			Мәртебені ұзарту			
45	00101003-1	ҚР ҚМ әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарға қабылдау	ҚР ҚМ әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарға қабылдау	4	4,75	96,65 %
46			ҚР ҚМ әскери оқу орындарына қайта қабылдау			
Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту, жарияланған акциялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу, акциялар шығарылымы проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті бекіту үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Жарияланған акциялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Акциялар шығарылымының проспектісін, акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды, акционерлік қоғамның акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есепті, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін осы акционерлік қоғам акцияларының басқа түріне айырбастау туралы есепті жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 42 қаулысы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20223 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған)

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 8 жұмыс күні

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: көрсетілетін қызметті алушының атына акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті бекіту туралы хат немесе бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: заңды тұлғалар**.**

Құны: тегін**.**

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында келесідей нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 39 респондентті қамтыды. Оның ішінде 55,0% - ерлер және 45,0% - әйелдер. Көрсетілетін қызметті алушылардың неғұрлым маңызды жас топтары - 30-39 жас (42,5%).

16-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок

Қызметті алған респонденттердің жалпы санының 100% - заңды тұлғалар болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі қызметті алу үшін электрондық үкімет порталын (100%) пайдаланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері мынадай мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің (мемлекеттік органдар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет», «Электрондық лицензиялау» порталдары) қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **84% және бағалаудың орташа мәні 4,81 балды** құрады.

41-кесте. Үлгерімді бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай	Қанағаттану деңгейі		Бағалау өлшемдері	
ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау		4,74	4,81	82,1%	84,6%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы		4,85		87,2%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы		4,85		84,6%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау		4,79		84,6%	
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау		4,67	4,70	79,5%	79,0%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау		4,64		76,9%	
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау		4,74		79,5%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді		4,85		84,6%	
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай		4,62		74,4%	

РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)		4,74	4,81	82,1%	84,0%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)		4,85		87,2%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті		4,79		79,5%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті		4,87		87,2%	
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді		4,77	4,77	82,1%	82,1%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы		4,74	4,76	76,9	78,6
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы		4,79		79,5	
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы		4,74		79,5	
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы			4,90		89,7%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды					
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын		4,90		89,7%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын		4,90		89,7%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды					
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым					
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)		4,90	4,90	89,7%	89,7%
	ОРТАША ҰПАЙ			**4,81**		**84,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган			**4,85**		**86,8%**
	«Электрондық үкімет» порталы			**4,77**		**80,4%**

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторландырудың **қолжетімділігі мен ыңғайлылығын**, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар ЭЦҚ кілттің пайдалануын 4,81 ұпайға бағалады, бұл ретте қанағаттану деңгейі 84,6% -. құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың негізгі проблемалары қызметтің қолжетімділігіне, атап айтқанда, растаусыз порталға және ЭЦҚ-ға қол жеткізуге қатысты болды.

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 балдан 4,70 балға бағаланды, қанағаттану деңгейі 79% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың

алдында тұрған негізгі проблемалар қызмет туралы ақпараттың қолжетімділігіне, еркін қол жетімді ақпараттан қызметті алу алгоритмін түсіну мүмкіндігіне қатысты болды.

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,81 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 84% құрады. Респонденттер белгілеген негізгі мәселелер қызметті алу үшін құжаттарды жүктеуге қатысты болды.

Мемлекеттік қызметті көрсету **мерзімі** 4,77 ұпайға бағаланды, бұл ретте қанағаттану деңгейі 82,1% -. құрады. Ұсыныстар арасында қызмет көрсету мерзімін қысқарту туралы тілектер айтылды.

Виртуалды көмекшінің жұмысын көрсетілетін қызметті алушылар 4,76 ұпайға бағалады, осы өлшем бойынша респонденттердің қанағаттану деңгейі 78,6% құрады.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындарға** қанағаттану деңгейі 89,7% болған кезде 4,90 ұпайға бағаланды.

Сонымен қатар, сауалнама қатысқан, көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі алынған қызметтің **нәтижесін** оң бағалады – 89,7% (4,90 ұпай).

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 86,8%, орташа ұпай - 4,85 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 80,4%, орташа ұпай - 4,77 ұпай.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Осылайша, жаппай сауалнама барысында айтылған респонденттердің негізгі проблемалары порталдардың қолжетімділігіне, ЭЦҚ-сыз порталдарға қол жеткізу мүмкіндігіне, ашық қолжетімділіктегі қызмет туралы ақпараттың түсініктілігіне, сондай-ақ қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту жөніндегі ұсыныстарға қатысты болды.

Осыған байланысты көрсетілетін қызметті алушылардан алынған сауалнама нәтижелері бойынша **уәкілетті мемлекеттік органға және «Электрондық үкімет» порталына** мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мынадай шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Қызметті алу алгоритмі туралы ақпараттың сапасы мен қолжетімділігін арттыру, көрсетілетін қызметті алушыларды қызметті алудың қадамдық нұсқаулықтарымен неғұрлым түсінікті ақпараттандыру мүмкіндігін жасау;
2. Деректер қауіпсіздігін сақтай отырып, порталға кіру мүмкіндігін жеңілдету;

Уәкілетті мемлекеттік орган:

1. Қызмет көрсету мерзімін 4 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.9 Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1704004 Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жою қағидаларын, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу, мемлекеттік емес облигациялар шығарылымы проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне), жеке меморандумға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының күшін жоюға арналған құжаттардың тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісін (облигациялық бағдарлама проспектісін), мемлекеттік емес облигациялар шығарылымының проспектісіне (облигациялық бағдарлама проспектісіне) өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды жасау және ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 248 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 желтоқсанда № 17884 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: бағалы қағаздар орталық депозитарийінің порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, облигациялар шығарылымының проспектісі.

Көрсетілетін қызметті алушылар: заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 1 респондентті қамтыды. Ол 100% заңды тұлға болып табылады. Қызмет Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің порталында алынды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **80% және бағалаудың орташа мәні 4,80 балды** құрады.

42-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,00	4,50	00,0%	50,0%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	5,00		100,0%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,00		00,0%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	5,00		100,0%	
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	5,00	4,80	100,0%	80,0%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	5,00		100,0%	
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,00		00,0%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	5,00		100,0%	
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	5,00	4,50	100,0%	50,0%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,00		00,0%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,00		0,00%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	5,00		100,0%	
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	5,00	5,00	100,0%	100,0%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы				
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы		5,00		100,0%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды				
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	5,00		100,0%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,80**		**80,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**
	Веб-портал		**4,43**		**43,3%**

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторизациялаудың **қолжетімділігі мен ыңғайлылығын**, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар ЭЦҚ кілттің пайдалануын 50% қанағаттанып, 4,50 ұпайға бағалады.

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 балдан 4,80 балға бағаланды, ал қанағаттану деңгейі 80% құрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,50 ұпайға бағаланды және қанағаттану деңгейі 50% тең. Бұл ретте қызметті алу кезінде көрсетілетін қызметті алушылар үшін ең үлкен қиындықтар құжаттар топтамасын жинау процесінде, сондай-ақ құжаттарды онлайн беру мүмкіндігінде туындады.

Мемлекеттік қызметті көрсету **мерзімі** 5 балға бағаланып, қанағаттану деңгейі 100% құрады.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындар** 5 ұпайға бағаланды және қанағаттану деңгейі 100% тең.

Сонымен қатар респонденттер қызметті алу **нәтижесін** 5 ұпайға бағалады және қанағаттану деңгейі 100% тең.

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 100%, орташа ұпай - 5 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 43%, орташа ұпай - 4,43 ұпай**.**

Қорытындылар мен ұсыныстар

Көрсетілетін қызметті алушылармен жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органға мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру үшін мынадай шараларды қабылдау ұсынылады:

1. Қызмет көрсету мерзімін 7 жұмыс күніне дейін қысқарту мүмкіндігін қарастыру.

2. Қызмет туралы ақпаратты іздеудің ыңғайлылығын арттыру, сондай-ақ порталда қызмет алу тәсілі бойынша ақпараттың түсінігін арттыру.

3. 1414 Мемлекеттік корпорация порталының консультанттарының деңгейін арттыру:

4. Порталдың техникалық параметрлерін нақтылау, қызметті алу үшін алгоритмдерді жеңілдету.

5. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.10 Мемлекеттік аудитор сертификатын беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1603003 Мемлекеттік аудитор сертификатын беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Жоғары аудиторлық палатасы.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №22-НҚ нормативтік қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда №12720 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 31.01.2020 жылғы №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізілімінің 944-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары аудиторлық палатасы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: «Мемлекеттік аудитор сертификатын беру» мемлекеттік қызметін көрсету алты ай ішінде жүзеге асырылады**.**

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: мемлекеттік аудитор біліктілігін беру туралы сертификат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: тегін.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 73 респондентті қамтыды. Оның ішінде 39,7% - ерлер және 60,3% - әйелдер. Көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары - 30-39 жас (56,2%) және 40-49 жас (21,9%). Барлық көрсетілетін қызметті алушылар жеке тұлғалар болып табылады. Өтініш білдіргендердің 100% - физикалық қолжетімділік пен коммуникацияны қамтамасыз ету бөлігінде қосымша қажеттіліктері жоқ.

17- диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың 100% қызметті алу үшін уәкілетті мемлекеттік органға жүгінді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Барлық мемлекеттік органдар мен қағаз қызметтерін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі - **97,1% және бағалаудың орташа мәні 4,98 ұпай.**

43-кесте. Ұпайларды бөлу (қағаз түрінде)

Бағалау өлшемдері	Қағаз нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Құзыретті, ақпаратты меңгерген қызметкерлер	4,99	5,00	98,6%	99,5%
	Қызметкерлер жылдам әрекет етеді	5,00		100,0%	
	Қызметкерлер сыпайы және менің қажеттіліктеріме мұқият қарайды	5,00		100,0%	
ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан	5,00	4,99	100,0%	98,6%
	Ыңғайлы жұмыс уақыты	4,99		98,6%	
	Көлік тұрағына орындары жеткілікті	5,00		100,0%	
	Ғимаратқа кіру оңай әрі қолжетімді болды (мысалы, ғимаратқа физикалық кіруге және оған кіруге ешқандай кедергі болған жоқ)	4,99		98,6%	
	Ыңғайлы болатын қажетті күту аймақтары болды	4,97		97,3%	
	Қызмет әділ және тең негізде ұсынылды	4,97		97,3%	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	Менде мемлекеттік қызмет туралы ақпаратқа әртүрлі тәсілдермен қол жеткізу мүмкіндігі болды (мысалы, сайтта, call-орталықта)	4,99	4,98	98,6%	97,6%
	Қажетті қызметкерлерді, кабинеттерді табу оңай болды	4,99		98,6%	
	Ғимаратта түсінікті және пайдалы барлық қажетті белгілер болды	4,99		98,6%	
	Мен қызметті алу бойынша қадамдық нұсқаулықты (ақпарат, кеңес) алдым	4,96		95,9%	
	Менде қазақ және орыс тілдерін таңдау мүмкіннідігі болды (құжаттарды толтыру, қарым-қатынас жасау үшін)	4,99		98,6%	
	Нысандар мен бланкілерді, басқа құжаттарды түсіну оңай болды	4,96		95,9%	
	Қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпарат берді	4,97		97,3%	
РӘСІМ	Құжаттарды жинау және тапсыру тәртібі қарапайым және түсінікті	4,99	4,99	98,6%	98,6%
	Қарастыру процедурасы оңтайлы, қарапайым және түсінікті	4,99		98,6%	
	Нәтижені беру рәсімі ыңғайлы, қарапайым және түсінікті	4,99		98,6%	

МЕРЗІМДЕР	Қызметті алу үшін қажетті мерзім қолайлы	4,96	4,96	95,9%	95,2%
	Күту уақыты, қызмет көрсету орнындағы кезектер қолайлы	4,95		94,5%	
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы		4,94		93,2%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды				
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,95		94,5%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,92		91,8%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымына жауап алдым				
	Шағымдану бойынша қабылданған шаралар мені толығымен қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,97	4,97	97,3%	97,3%
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,98**		**97,1%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,97**		**96,6%**
	Құжаттарды қабылдауға жауапты уәкілетті орган		**4,98**		**97,8%**

«**Қызметкерлер**» өлшемі бойынша қызметті қағаз түрінде алған кезде көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің жұмысын бағалаудың орташа балы 5,00 ұпайды және қанағаттану деңгейі 100,0% құрады. Қызметті бағалаудың осы өлшемі бойынша ұсыныстар түскен жоқ.

Осы қызмет бойынша **қолжетімділік пен ыңғайлылық** 4,99 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 98,6% құрайды.

«**Ақпарат және байланыс**» өлшемі бойынша қызметті респонденттер 4,98 ұпаймен бағалады, бұл ретте қызметке қанағаттанудың орташа деңгейі 97,6% құрады.

Қызмет көрсету **рәсімі** 4,99 ұпайға бағаланды, бұл ретте респонденттердің осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 98,6% құрады.

«**Мерзімдер**» өлшемі бойынша орташа баға 4,96 ұпайды, қанағаттану деңгейі 95,2% құрады.

«**Шығындар**» өлшемі 4,94 ұпайға және қанағаттану деңгейі 93,2% бағаланды.

«**Нәтиже**» өлшемі, ол бойынша орташа ұпай 4,97 ұпайды және қанағаттану деңгейі - 97,3% құрады.

Зерттеу әдіснамасына сәйкес бағалау қызмет берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

Құжаттарды қабылдауға жауапты уәкілетті органдар: орташа ұпай - 4,98 ұпай және қанағаттану деңгейі - 97,8%.

Уәкілетті мемлекеттік орган: орташа ұпай - 4,97 ұпай және қанағаттану деңгейі - 96,6%.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Зерттеу нәтижелері бойынша осы қызметті көрсетуді регламенттейтін НҚА-ға сәйкес құжаттардың, атап айтқанда жеке куәліктің, білім туралы дипломның,

еңбек кітапшасының, жеке деректердің өзгергенін растайтын құжаттың (неке туралы куәлік) көшірмелері персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) қолымен және мөрімен (мөртабанымен) куәландырылуы тиіс немесе нотариалды куәландырылған нысанда ұсынылады деген талап көзделгені анықталды. Бүгінгі таңда бұл құжаттар сандық түрде қолжетімді, ал көшірмелердің түпнұсқалығын растаудың қажеті жоқ.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. «Электрондық үкімет» порталында өтініштерді қабылдау рәсімін автоматтандыру ұсынылады.
2. НҚА-ға қызмет алу мерзімдері туралы ақпаратты, атап айтқанда, мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларына енгізу.
3. Құжаттарды тіркеу және олардың талаптарға сәйкестігін тексеру процестерін автоматтандыру есебінен қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту, мысалы, мемлекеттік аудитор біліктілігін беруге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларына сәйкес «көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері қабылдайды және құжаттар келіп түскен күні электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесінде тіркеледі. 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттар құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкеріне қарауға жолданады». Осылайша, құжаттарды тіркеу және қайта бағыттау рәсімі ғана 3 жұмыс күнін алады.
4. Қызметті алу тәсілдері туралы ақпаратты ашық қолжетімділікте орналастыру.
5. Қызмет көрсетуді регламенттейтін НҚА-да мемлекеттік аудитор біліктілігін беру үшін Ұлттық комиссияда әңгімелесу арқылы үміткерлерді іріктеу өлшемдері туралы мәліметтер жоқ, әңгімелесуге дайындалу үшін нақты талаптар жоқ.
6. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.11 Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 3102007 Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Бас прокуратурасы

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы №64 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20674 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: «бір өтініш» қағидаты бойынша көрсетілетін электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде**.**

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада орналасқан Мемлекеттік корпорация филиалдарының бөлімдеріне - 5 жұмыс күні, Мемлекеттік корпорация филиалдарының басқа бөлімдеріне - 10 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: адамның қолының түпнұсқалығын және оның өкілеттігін растайтын арнайы мөртабан, сондай-ақ осы құжат бекітілген мөрдің немесе мөртабанның түпнұсқалығы куәландыратын апостиль қойылған құжат не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке тұлғалар.

Құны: 0,5 айлық есептік көрсеткіш.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында сандық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде келесі нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 65 респонденттті қамтыды. Оның ішінде 44,6% - ы ер және 55,4% - ы әйел. Көрсетілетін қызметті алушылардың ең көп жас топтары-30-39 жас (43,1%) және 40-49 жас (33,8%). Қызметке жүгінгендердің барлығы (100,0%) жеке тұлғалар болып табылады.

18-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың 100,0% «Азаматтарға арналған үкімет «Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-ға жүгінді.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **87,5% және бағалаудың орташа мәні 4,87 балды** құрады.

44-кесте. Ұпайларды бөлу (қағаз түрінде)

Бағалау өлшемдері	Қағаз нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР	Құзыретті, ақпаратты меңгерген қызметкерлер	4,82	4,80	81,5%	82,6%
	Қызметкерлер жылдам әрекет етеді	4,80		87,7%	
	Қызметкерлер сыпайы және менің қажеттіліктеріме мұқият қарайды	4,78		78,5%	
ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Көрсетілетін қызметті берушінің ғимараты ыңғайлы орналасқан	4,65	4,79	64,6%	78,5%
	Ыңғайлы жұмыс уақыты	4,95		95,4%	
	Көлік тұрағына орындары жеткілікті	4,65		64,6%	
	Ғимаратқа кіру оңай әрі қолжетімді болды (мысалы, ғимаратқа физикалық кіруге және оған кіруге ешқандай кедергі болған жоқ)	4,72		70,8%	
	Ыңғайлы болатын қажетті күту аймақтары болды	4,91		90,8%	
	Қызмет әділ және тең негізде ұсынылды	4,85		84,6%	
АҚПАРАТ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС	Менде мемлекеттік қызмет туралы ақпаратқа әртүрлі тәсілдермен қол жеткізу мүмкіндігі болды (мысалы, сайтта, call-орталықта)	4,81	4,86	87,5%	87,6%
	Қажетті қызметкерлерді, кабинеттерді табу оңай болды	4,86		90,8%	
	Ғимаратта түсінікті және пайдалы барлық қажетті белгілер болды	4,83		84,6%	
	Мен қызметті алу бойынша қадамдық нұсқаулықты (ақпарат, кеңес) алдым	4,72		71,9%	
	Менде қазақ және орыс тілдерін таңдау мүмкіннідігі болды (құжаттарды толтыру, қарым-қатынас жасау үшін)	5,00		100,0	
	Нысандар мен бланкілерді, басқа құжаттарды түсіну оңай болды	4,95		94,6%	
	Қызметті алу үшін қажетті құжаттар тізімі туралы толық ақпарат берді	4,94		93,8%	
РӘСІМ	Құжаттарды жинау және тапсыру тәртібі қарапайым және түсінікті	4,85	4,85	89,2%	87,2%
	Қарастыру процедурасы оңтайлы, қарапайым және түсінікті	4,85		86,2%	
	Нәтижені беру рәсімі ыңғайлы, қарапайым және түсінікті	4,85		86,2%	
МЕРЗІМДЕР	Қызметті алу үшін қажетті мерзім қолайлы	4,92	4,95	90,8%	93,1%
	Күту уақыты, қызмет көрсету орнындағы кезектер қолайлы	4,97		95,4%	
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы	4,82	4,84	86,2%	86,9%

	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды	4,75		75,4%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,80		89,2%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшырағаң жоқпын	4,97		96,9%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымына жауап алдым				
	Шағымдану бойынша қабылданған шаралар мені толығымен қанағаттандырды				
НӘТИЖЕ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,97	4,97	96,9%	96,9%
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,87**		**87,5%**
	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы		**4,85**		**85,8%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,88**		**90,0%**

«**Қызметкерлер**» өлшемі бойынша қызметті қағаз түрінде алған кезде көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің жұмысын бағалаудың орташа балы 4,80 ұпайды және қанағаттану деңгейі 82,6% құрады. Ұсыныс ретінде қызмет алушылар қызметкерлердің нақты ақпарат беруі үшін (Маңғыстау, Жамбыл облыстары) олардың құзыреттерін арттыру туралы айтты.

Осы қызмет бойынша **қолжетімділік пен ыңғайлылық** 4,79 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 78,5% құрайды. Осы өлшем бойынша көрсетілетін қызметті алушыларда қызметті электрондық үкімет порталында онлайн алу үшін оны автоматтандыруды ұсынды.

«**Ақпарат және байланыс**» өлшемі бойынша қызметті респонденттер 4,86 ұпаймен бағалады, бұл ретте қызметке қанағаттанудың орташа деңгейі 87,6% құрады. Респонденттердің ұсыныстары арасында қызметті алу үшін қадамдық нұсқаулықтың қолжетімділігін арттыру (Астана қ.) болды, өйткені кейбір респонденттер «оны қалай алуға болатынын таба алмады» (Қарағанды облысы).

Қызмет көрсету **рәсімі** 4,85 ұпайға бағаланды, бұл ретте респонденттердің осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 87,2% құрады.

«**Мерзімдер**» өлшемі бойынша орташа баға 4,95 балды құрады, қанағаттану деңгейі – 93,1%. Осы өлшем бойынша қызмет алушылардан ұсыныстар түскен жоқ.

«**Шығындар**» өлшемі 4,84 ұпайға және қанағаттану деңгейі 86,9% бағаланды. Көрсетілетін қызметті алушылар белгілеген проблемалардың ішінде «онлайн төлеу бойынша қиындықтар болғанын» (Алматы қ.) атады.

«**Кері байланыс**» өлшемі бойынша бағалау жоқ, өйткені респонденттер кері байланыс сұрамады, барлық ақпарат қызметті алу кезінде ұсынылды.

Сондай-ақ, әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы: орташа ұпай - 4,85 ұпай және қанағаттану деңгейі - 85,8%.

Уәкілетті мемлекеттік орган: орташа ұпай - 4,88 ұпай және қанағаттану деңгейі - 90,0%.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Мемлекеттік корпорацияға арналған жалпы ұсыныстар:

1. Қызметкерлердің (әсіресе жаңадан жұмысқа қабылданғандардың) құзыреттерін арттыру, оларға қолда бар өзгерістер туралы үнемі хабарлау.
2. Мемлекеттік бажды банктердің мобильді қосымшалары арқылы онлайн төлеу мүмкіндігін қарастыру.

Уәкілетті орган:

1. Қызметті автоматтандыру мүмкіндігін қарастыру, өйткені ол онлайн режимінде ұсынылмайды.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.12. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 603010 Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілерінегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: « Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілеріндегі эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2022 жылғы 21 маусымдағы №29/қе бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда №28566 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және/немесе қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын ҰҚК құрылымдық бөлімшелері, «Электрондық үкімет» порталы арқылы жүзеге асырылады

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 15 жұмыс күні.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Көрсетілетін қызметті алушылар: жеке және заңды тұлғалар.

Құны: тегін.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында сандық зерттеулер жүргізілді, нәтижесінде мынадай нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 40-49 жас аралығындағы 1 ер респондентті қамтыды.

Респондент қызметті «Электрондық үкімет» порталында алды, заңды тұлға болып табылады.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері келесі мәндерді құрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі **100,0% және бағалаудың орташа мәні 5,00 ұпайды** құрайды.

45-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	5,00		100,0%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	5,00		100,0%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	5,00		100,0%	
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	5,00		100,0%	
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	5,00		100,0%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	5,00		100,0%	
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	5,00		100,0%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	5,00		100,0%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	5,00		100,0%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	5,00		100,0%	
МЕРЗІМДЕРІ	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	5,00	5,00	100,0%	100,0%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы				

	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы				
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы		5,00		100,0%
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды				
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	5,00		100,0%	
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	5,00		100,0%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	5,00	5,00	100,0%	100,0%
	ОРТАША ҰПАЙ		**5,00**		**100,0%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**5,00**		**100,0%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**5,00**		**100,0%**

Респондент осы қызмет бойынша **қолжетімділік пен ыңғайлылықты** 5,00 ұпайға бағалады, қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

Қызметті алу үшін **ақпараттың** болуын респондент 5,00 ұпаймен бағалады, осы қызметке қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

Қызметті алу **рәсімі** 5,00 ұпайға бағаланды, осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 100,0% құрады. Осы өлшем бойынша көрсетілетін қызметті алушыдан ұсыныстар түскен жоқ.

Қызметті алу **мерзімі** 5,00 ұпайға бағаланды, осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

«**Шығындар**» өлшемі 5,00 ұпайға бағаланды және осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

Қызмет көрсету **нәтижесі** 5,00 ұпайға бағаланды, осы өлшем бойынша қанағаттану деңгейі 100,0% құрады.

Әдістемеге сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде келесі мәндер алынды:

«Электрондық үкімет» порталы: орташа ұпай - 5,00 ұпай және қанағаттану деңгейі – 100,0% құрады.

Уәкілетті мемлекеттік орган: орташа ұпай - 5,00 ұпай және қанағаттану деңгейі – 100,0%.

Сапалы зерттеу әдістерінің нәтижелері

Тереңдетілген сұхбат, қатысушы - 1 адам.

Зерттеудің сапалы әдістерін жүргізу нәтижесінде көрсетілетін қызметті алушы «Электрондық үкімет» порталынан «Электрондық лицензиялау» порталына көшу кезінде қиындықтарға тап болғаны анықталды. «Бұл қызмет «Электрондық лицензиялау» сайтында ресімделеді және оның сайты арқылы егов порталына қайтқан кезде, ол шықпай қалады. Осыған байланысты қызметтің электрондық лицензиялау порталына көшуін автоматтандыру қажет». Сондай-ақ, қызметті алу үшін қажетті құжаттарды тіркеу кезінде ақаулар болды.

Сондай-ақ аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеу хаттамаларының электрондық көшірмелерін ұсынуды 2 жылда 1 рет жүргізуге болатын еді.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Қызметке қанағаттану жоғары болғандықтан, сапалы зерттеу әдістерінің нәтижелері бойынша ұсыныстар берілді.

«Электрондық үкімет» порталына

1. Қосымша авторизацияланусыз Электрондық үкімет порталынан Электрондық лицензиялау порталына көшуді пысықтау;
2. Құжаттарды жүктеу кезіндегі техникалық қателер санын азайту, әртүрлі форматтағы құжаттарды жүктеу үшін жағдай жасау.

Уәкілетті мемлекеттік органға:

1. Аккредиттелген зертханалар жүргізген зерттеу хаттамаларының мерзімдерін 1 жылдан 2 жылға дейін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру. Хаттама деректері қызметті алған кезде өтінішке қоса беріледі.
2. Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің ережелерін түсіндіру бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің қызметкерлері арасында оқыту жүргізу.

3.13 Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру

Мемлекеттік қызмет туралы жалпы ақпарат

Мемлекеттік қызметтің атауы: 1101009 Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру.

Жауапты мемлекеттік орган: ҚР Ішкі істер министрлігі.

Заңға тәуелді нормативтік құқықтық акт: «Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға куәлік беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 281 бұйрығы. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20222 болып тіркелді.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/ қағаз түрінде.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Аумақтық полиция органдары, Электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: 2 жұмыс күні

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: Автокөлік құралын және (немесе) олардың тіркемелерін қайта жабдықтауға арналған куәлік немесе дәлелді бас тарту.

Көрсетілетін қызметті алушылар: Заңды, жеке тұлғалар.

Құны: Тегін.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалаудың қоғамдық мониторингісі аясында мынадай нәтижелер алынды.

Әлеуметтік-демографиялық блок

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы 57 респондентті қамтыды. Оның ішінде 89,5% - ерлер және 10,5% - әйелдер. Көрсетілетін қызметті алушылардың неғұрлым маңызды жас топтары - 30-39 жас (47,4%) және 22-29 жас (40,4%).

19-диаграмма. Әлеуметтік-демографиялық блок



Қызметті алған респонденттердің жалпы санының 100% - жеке тұлғалар болып табылады. Көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі қызметті алу үшін ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағындағы менеджердің көмегін (98,2%), Электрондық үкімет порталын (1,8%) пайдаланды.

Зерттеудің негізгі нәтижелері

Көрсетілетін қызметті алушылардың жаппай сауалнамасы нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасының негізгі көрсеткіштері мынадай мәндерді құрады.

Барлық көрсетілетін қызметті берушілердің қызметін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (мемлекеттік органдар, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ, «Электрондық үкімет», «Электрондық лицензиялау» порталдары) **87,4% және бағалаудың орташа мәні 4,85 ұпайды** құрады.

46-кесте. Ұпайларды бөлу

Бағалау өлшемдері	Электрондық нысанда көрсетілген қызметтің сапасын бағалау	Орташа ұпай		Қанағаттану деңгейі	
ҚОЛЖЕТІМДІЛІК ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫЛЫҚ	Электрондық қызметті алу үшін порталда тіркеудің қарапайымдылығын бағалау	4,89	4,86	89,5%	87,7%
	ЭЦҚ алудың қарапайымдылығы	4,84		87,7%	
	ЭЦҚ пайдаланудың қарапайымдылығы	4,86		87,7%	
	Қызмет алған порталдың (онлайн-алаңның) сыртқы түрін (дизайнын) және құрылымдық ұйымдастырылуын бағалау	4,84		86,0%	
АҚПАРАТ	Порталда (онлайн-алаңда) қызығушылық танытатын қызмет бойынша ақпаратты іздеудің жеңілдігі мен жылдамдығын бағалау	4,81	4,76	82,5%	79,6%
	Порталда (онлайн-алаңда) көрсетілетін қызметті алу үшін қойылатын талаптар (қажетті құжаттар) бойынша ақпараттың өзектілігі мен түсініктілігін бағалау	4,77		80,7%	
	Порталда қызмет алу тәсілі туралы ақпараттың қарапайымдылығы мен түсініктілігін бағалау	4,75		78,9%	
	Порталдағы ақпарат қазақ/орыс тілінде қолжетімді	4,75		80,7%	
	Порталды пайдалану жөніндегі нұсқаулық толығымен түсінікті және қолдануға оңай	4,70		75,4%	
РӘСІМ	Электрондық қызметті алу үшін қажетті құжаттарды жинау артық бюрократиясыз өтті (оның ішінде инстанциялар бойынша жүру, кабинеттерге бару)	4,88	4,89	87,7%	88,7%
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/талап етілетін құжаттарды жинау процесі толығымен автоматтандырылған (онлайн режимінде алуға болады)	4,86		86,0%	
	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,89		89,5%	

	Электрондық қызметті алу үшін қажетті/ талап етілетін құжаттарды порталға (онлайн-алаңға) жүктеу қиындықсыз өтті	4,92		91,7%	
МЕРЗІМДЕР	Алынған құжат/электрондық қызмет қысқа/белгіленген мерзімде көрсетілді	4,75	4,75	82,5%	82,5%
ВИРТУАЛДЫ КӨМЕКШІ	Виртуалды көмекшіні пайдалану ыңғайлылығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауаптың толықтығы				
	Виртуалды көмекшінің сұрауға жауап беру жылдамдығы				
ШЫҒЫНДАР	Шығындар сомасы қолайлы				
	Төлем әдісі түсінікті және ыңғайлы болды				
	Мен қызмет алу үшін қосымша шығын шығарған жоқпын	4,91	4,91	91,2%	91,2%
	Мен қызмет алу үшін қосымша, бейресми шығындарға ұшыраған жоқпын	4,91		91,2%	
КЕРІ БАЙЛАНЫС	Қысқа мерзімде өз шағымыма жауап алды				
	Шағымдану нәтижесіне қанағаттандым				
ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НӘТИЖЕСІ	Көрсетілген қызметтің нәтижесі толығымен қанағаттандырады (алынған құжат, анықтама, жәрдемақы, рұқсат және т. б.)	4,93	4,93	94,7%	94,7%
	ОРТАША ҰПАЙ		**4,85**		**87,4%**
	Уәкілетті мемлекеттік орган		**4,88**		**89,8%**
	«Электрондық үкімет» порталы		**4,84**		**85,6%**

«Электрондық үкімет» порталында тіркеудің, авторландырудың **қолжетімділігі мен ыңғайлылығын**, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушылар ЭЦҚ кілттің пайдалануын 4,86 ұпайға бағалады, бұл ретте қанағаттану деңгейі 87,7% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың негізгі проблемалары порталда көрсетілетін қызметтің қолжетімділігіне қатысты болды, атап айтқанда «Порталда көрсетілетін қызметті қалай алуға болатыны түсініксіз» (Алматы қ.).

Порталда берілген **ақпарат** мүмкін болатын 5 балдан 4,76 балға бағаланды, қанағаттану деңгейі 79,6% құрады. Көрсетілетін қызметті алушылардың алдында тұрған негізгі проблемалар: «Ақпаратты қайдан іздеу керек және қайда, не жазу керек екені белгісіз» (Астана қ.), «Бәрібір ештеңені түсінбедім, сосын ХҚКО-ға бардым» (Атырау облысы).

Мемлекеттік қызмет көрсету **рәсімі** 4,89 ұпайға бағаланды, қанағаттану деңгейі 88,7% құрады.

Мемлекеттік қызметті көрсету **мерзімі** 4,75 ұпайға бағаланды, бұл ретте қанағаттану деңгейі 82,5% құрады. Мерзімдері бойынша көрсетілетін қызметті алушыларда проблемалар туындаған жоқ.

Мемлекеттік қызметті алуға арналған **шығындар** 91,2% қанағаттану деңгейінде, 4,91 ұпайға бағаланды.

Сонымен қатар сұралған көрсетілетін қызметті алушылардың көпшілігі алынған қызметтің **нәтижесін** оң бағалады – 94,7% (4,93 ұпай).

Сондай-ақ әдіснамаға сәйкес алынған бағалар көрсетілетін қызметті берушілер арасында олардың жауапкершілік аймақтарына қарай бөлініп, нәтижесінде мынадай мәндер алынды:

Уәкілетті мемлекеттік орган: қанағаттану деңгейі - 89,8%, орташа ұпай - 4,88 ұпай,

«Электрондық үкімет» порталы: қанағаттану деңгейі - 85,6%, орташа ұпай - 4,84 ұпай.

Сапалы зерттеу әдістерінің нәтижелері

«Құпия сатып алушы», фокус-топтарда талқылау және тереңдетілген сұхбат сапалы әдістерін қолдана отырып, жүргізілген зерттеу негізінде келесі ұсыныстар алынды.

Тереңдетілген сұхбат (сауалнама - 15 респондент)

- ***Қызметті алу үшін қандай онлайн алаңды пайдаландыңыз?***

«Егов порталының онлайн алаңы» (сұхбаттың барлық 15 қатысушысы атап өтті), бірақ бұған дейін барлық құжаттарды Әкімшілік полициядан алу керек.

- ***Осы онлайн сайт туралы ақпаратты қалай таптыңыз?***

«Біз ақпаратты негізінен Google-да сұраныс жасау арқылы табамыз» деп 10 қатысушы нақтыласа, 5 қатысушы «порталмен бұрыннан таныс екендіктерін және оның веб-сайтынан ақпарат табатындығын» атап өтті.

- ***Сіз Қызметті онлайн-алаңда өз бетіңізше ала алдыңыз ба? Сіз көмек сұрадыңыз ба (байланыс орталығы, техникалық қолдау, ХҚКО менеджері, достар, таныстар және т. б.)? Көмек сұраған кейін Сіз қызметті онлайн ала алдыңыз ба?***

«Жоқ, сіз алдымен әкімшілік полицияға барып, барлық құжаттарды толтырасыз, содан кейін бәрі дайын болған кезде Электрондық үкімет порталы арқылы осы қызметті ресімдеу үшін арнайы ХҚКО-ға бару керек. Ресімдеуден бас тарту әкімшілік полициядан құжаттарды арнайы ХҚКО-ға тапсырғанға дейін келуі мүмкін».

«Құпия сатып алушы» әдісі (қатысушы - 1 қызмет алушы)

«Мен әкімшілік полицияға фаркопты орнату туралы өтініш жазу үшін келдім. Маған өтініш үлгісі берілді, содан кейін мен тексеруге барып, фаркоп нормалар бойынша орнатылған деген қорытынды алып, құжаттар пакетімен өзгерістерді ресімдеу үшін арнайы ХҚКО-ға бардым. Кезекте 90 минут тұрдым, себебі база жұмыс істемеді, ұзақ күтуге тура келді. Қызметтің өзі 7 минут рәсімделді. Жаңа техникалық төлқұжат 30 минуттан кейін алынды. Қандай да бір себептермен, база үнемі жұмыс істемейді, база жұмысында ақаулар болмайтындай етіп жасау керек, содан кейін мұндай кезектер болмайды».

Осылайша, көрсетілетін қызметті алушы қызметті алу кезінде келесі проблемаларды атап өтті: деректер базасының жұмысындағы техникалық ақауларға байланысты қызметті күту ұзақтығы, қызметті алу үшін 3 түрлі инстанцияға (әкімшілік полиция, ТҚКС, мамандандырылған ХҚКО) бару қажеттілігі.

Фокус топ әдісі - 1 (қатысушылар саны - 10)

- **Соңғы екі-үш жылда бұл мемлекеттік қызметті көрсету сапасы қалай өзгерді?**

«Енді тексеру актісі қажет, яғни, процедура күрделене түсті. Ол бұрынғыдан гөрі қағаз жұмысқа айналды».

- **Сіздің ойыңызша, Сіз алған қызметті осылай атауға болады?**

